

Пионер

1949 год

№ 1 – 12

ОС ДРУЖЕЛ БУБ .КЕ
11 092 3

П И О Н Е Р



Январь

1949 жыл
Алматы

№ 1

ЖАҢА ЖЫЛ ЖЫРЫ

Ғ. ОРМАНОВ

Жаңа жылды қарсы алып,
Жасаймыз той жылда бір.
Жарқын-жарқын ән салып,
Жалғасады жырға жыр.

Жылдан жылға ел дағы
Жетеді ырғын дәулетке.
Жасаңғырап жер дағы
Төлады нұр-сәулетке.


Жылмен бірге аяқты
Жылдамырақ басамыз.
Жақсы оқып сабақты,
Жаңа кітап ашамыз.

Жылдар неге қымбатты
Жас ұланға десеніз, —
Жылдар тартқан кітапты
Білген сайын өсеміз!



1949

**25 ЖЫЛ ЛЕНИНСІЗ, ЛЕНИН ТУЫ АСТЫНДА,
СТАЛИННИҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН КОММУНИЗМГЕ
ҚАРАЙ АЛҒА БАСЫП КЕЛЕМІЗ!**



Устазымыз, көсеміміз Ильичті есте ұстаңдар, оны жақсы көріңдер, одан үйреніңдер.

Ішкі және сыртқы жаулармен Ильичше күресіп, жеңіп отырыңдар.

Жаңа өмірді, жаңа тұрмысты, жаңа мәдениетті Ильичше орнатыңдар.

Жұмыста ешуақытта кішкентай нәрседен бас тартпаңдар, өйткені кішкентай нәрседен ұлы іс құралады, — Ильичтің маңызды өсиеттерінің бірі осы.

И. СТАЛИН.



БІЗДІҢ ЛЕНИН



Бұдан 25 жыл бұрын, 1924 жылдың 21 январында, жер жүзінде тұңғыш социалистік мемлекет құрған адам, совет халқының және большевиктік партияның көсемі, біздің ұлы бабамыз, ұстазымыз Владимир Ильич Ленин қайтыс болды.

Бұл ауыр қаза еліміздің еңбекшілерін қатты қайғыртты. Бірақ, большевиктік партиямыз, халқымыз селк етпеді, өзінің қатарын бұрынғыдан да нығайта түсті.

Ленин табыты басынан бүкіл әлемге сталиндік ұлы анттың Ильичтің өсиеттерін көздің қарашығындай сақтаймыз, бұлжытпай орындаймыз деген айбынды сөздері санжылдап естілді. Одан бері ширек ғасыр уақыт өтті. Ұлы ант орындалды. Елімізде қыруар өзгерістер болды. Совет Одағы күшті социалистік мемлекетке айналды. Елімізде жаңа қоғамдық строй — социализм жеңді. Кеменгер Сталиннің қолбасшылығымен отанымыз ең ауыр соғыста зұлым жауды жеңіп шықты.

Біздің еліміздегі ең қадірлі, ең ардақты нәрсенің бәрі де адам баласының ұлы көсемдері Лениннің, Сталиннің есімдерімен тығыз байланысты.

ССР Одағында социализм жеңісін ұйымдастырушы, басшылық етуші біздің большевиктік партиямыз Ленин — Сталин партиясы деп аталады. Жер жүзіндегі ең күшті, ең күдіретті бұл партияны ұйымдастырған, ұрыстарда шындаған Ленин мен Сталин.

Совет жастарының алдыңғы отряды — сүйікті комсомолымызды да Ленин — Сталин комсомолы деп атаймыз. Комсомолды құрған, тәрбиелеп өсірген большевиктік партиямыз. Комсомолдың күші мен қатарының беріктігінің қайнар бұлағы — партияның басшылығында.

Совет Одағының пионер ұйымы да В. И. Лениннің есімімен аталады. 1924 жылы 23 майда Қызыл алаңда жас пионерлердің парады болды. Парад пионер ұйымына Ленин атағы берілуіне арналған еді. Парадты партияның XIV съезінің делегаттары қабылдады. Сталин жолдас пионер отрядтарын аралап өтті. Жас пионерлер Ленин мавзолейінің алдында тұрып, халыққа, партияға адал қызмет етеміз деп салтанатты уәде берді. Олар, ұйымымыз ұлы есіммен аталған адамның өзіне лайық ұрпағы боп өсеміз, оның өсиеттерін екі етпей орындаймыз, деп ант өтті.

Ильичтің жас ұландарға қалдырған өсиетінің ең бастысы — жақсы оқу болатын. Демек жақсы оқушы болу — Лениннің негізгі өсиеттерінің бірін орындау болып табылады. Ильичтің өзі де мектепте өте жақсы оқыған. Ол қандай жұмысқа болса да атүсті қарауды ұнатпайтын.

Ленин бізге:

«Адам баласы қорытқан байлықтың бәрін біліп, зейінінді молайтсаң, тек сонда ғана коммунист болып шығуға болады,» деп үйреткен болатын.

Оқушылар срезжесінің бірінші пункті Лениннің осы өсиетінен туған. Біздің елдің барлық балалары ең кемі жетікжылдық білім алады. Олар одан әрі де оқып беруге өрікті.

Бірақ, Владимир Ильич Ленин сияқты нағыз коммунист болып шығу үшін жалаң білім жеткіліксіз. Ол үшін іскер, жұмысқа шебер болу хажет, істеген жұмысыңның пайдасы көпке, қоғамға ортақ болуға тиіс. Ильичтің пионерлерге қалдырған өсиетінің бірі мынау — ол, өзіңді «жас кезіңнен, он екі жасыңнан саналы, тәртіпті еңбекте» баулып өсір, деді.

Совет Одағының жас пионерлері тұңғыш пионер отрядына ұйымдасқан күннен бастап халқымыз бен бірге өсіп, еңбек пен күресте өзінің қолынан келген көмегін халқына көрсетіп келеді. Қазір жүздеген пионерлердің кеудесінде Совет Одағының ордендары мен медалдары жарқырайды. Бұл олардың халқына тигізген қолқабысының, үздік еңбегінің, Ильичтің өсиетін орындағандығының айқын куәсі.

Лениннің арамыздан кеткеніне 25 жыл толды. Еліміз еңбек пен күресте болаттай шыңдалды. Ол, Лениннің ең жақын серігі Сталиннің басшылығымен Ильичтің өсиеттерін жүзеге асыруда. Ленин өсиет еткен халықтар достығы Совет Одағы халықтарын бір ұлы семья етіп, басып кесті. Совет Одағының жыл санап қуаты артып, Ленин туы астында коммунизмге қарай зор сеніммен алға басып келеді.

Ленин біздің арамызда жоқ. Бірақ оның ұлы есімі миллионның жүрегінде, біз оны жақсы көреміз, біз оны үнемі оқып үйренеміз. Адамның ойындағы ең асыл қасиет — оның Ленинишіл болуы.

Ленин жас ұрпақты коммунистік рухта тәрбиелейтін коммунистік балалар ұйымының маңызын зор бағалады. Владимир Ильич жас ұландарға да ұлы міндет артты, оларға берік сенді, олардың бақытты, шат көңілді жақсы адам болып өсуін тіледі.

Пионерлер бетіне «Ленин — Сталин ісі үшін күреске дайын бол!» деп жазылған өздерінің қызыл туын — Ленин туын жоғары берік ұстауда.

466429

ЛЕНИН

(„В. И. Ленин“ деген кітабынан)

А. М. ГОРЬКИЙ

Владимир Ленин жұртқа ескі дәстүр бойынша өмір сүре беруге мүмкіндік бермей, соған көлденең тұрған адам болды. Бұлай істеу одан бұрын ешбір адамның қолынан келмеген еді.

Жержүзі буржуазиясының Ленинге өшпенділігі барған сайын күшеюде және ол өшпенділік жексұрын сыйпатта айқын көзге түсіп, сұмрай сыйқы барлық жерлерде бойкөрсетуде. Осы жексұрун өшпенділіктің өзі-ақ жержүзі буржуазиясы алдында барлық елдер пролетариатының демберушісі және көсемі Владимир Лениннің ұлылығын және айбындылығын айқып сыпаттап береді. Ал қазір Лениннің өзі жоқ болса да, оның саңқылдаған үні жержүзі еңбекшілеріне айбындана естілуде, бұл үн жержүзінің барлық түкпір-түкпіріндегі жұмысшы халықтың қайрат-жігерін тасытып, революцияға, жаңа өмір орнатуға, тең адамдардың дүниесін жасауға ұмтылдыруда. Лениннің шәкірттері, күш-қуатының мұрагерлері, ол бастаған ұлы істі зор сеніммен барған сайын күштірек, ойдағыдай жүргізіп келеді.

Лениннің өмірге ұмтылған ересен күш-қуаты және өмірдегі зұлымдық атаулыға күшті өшпенділігі мені таңдандыратын, қандай істі қолға алсада, жастық күшімен беріле істейтіні мені мейлінше сүйсіндіретін. Мені өте қайран қалдырған оның адамға бітпеген іскерлігі. Қыймылдары жеңіл, епті, әрі сыпайы еді, аз сөзбен көп пікір айтып тастайтын шешендігіне күшті қол сермеуі жарасып тұратын. Өмірдегі жалғаншылыққа, қайғы-хасретке қарсы қажымай-талмай күрескен қаһарманның монгол кейіпте жүзіне келісті біткен откір көзі төңкеріске қарап, жымыйып, мысқылдай күлімсіреп, ыза оты ұшқындап, жанып тұратын еді.



В. И. Лениннің 1917 жылы 24 октябрьде түнде Смольныйға келуі.

Отты көзі оның сөйлеген сөзін онан сайын күшейтіп айқындай түсетін.

Қайсы уақытта оның бойындағы қажымас қайраты көзінен ұшқынша атылып, қайратқа суарылған сөздері ауада жарқ-жұрқ еткендей болушы еді. Оның сөйлеген сөздері әрқашанда бойында батыл шындықтың түйсігін тудыратын.

Осы сөздерінен шындықтың әсемдеп, мінсіз соққан тұлғасы таңғажайып қарапайымдылықпен туған еді.

Ә. ТӘЖІБАЕВ

Ленин біздің мыйымызда

Ленин біздің мыйымызда,

Ленин біздің ойымызда

Айыра алмас одан бізді еш күдірет!

Сондай алғыр мыйымызбен,

Сондай асыл ойымызбен

Жаңа дүние жасадық біз керемет!

Күнін қара — көгіндегі,

Гүлін қара — жеріндегі,

Қандай малғұн әсем емес дер екен!

Көрші ақтарып бар әлемді,

Көрші бәрін, айтшы қане,

Кімнің елі біздің елге тең екен!

Граниттен қалап тасын,

Жалтылдата мұнарасын,

Көтердік біз Ленин шыңын биікке.

Жарқырайды күн төбеден,

Бұлт аса алмай шөкті төмен.

Жатыр теңіз шыдай алмай күйікке.

Тәңірісіндей кереметтің,

Тірегіндей жер мен көктің

Алдында тұр биік шыңы Лениннің.

Жалтылдайды төбесінде,

Жаңа шұғла түсіп күнге

Жалын атқан қызыл туы өмірдің.

Тентек теңіз, ысқыр-шула,

Мейлің жындан, мейлің тула,

Мызғымайды, алдында шын тұрады.

Граниттің соққан жарын —

Күйретіліп толқындарын —

Темір топшың омырыла сынады.

Ескерткіш

А. КОНОНОВ

ӘНГІМЕ

Бұл уақытқа бір кішкене қалада болған еді.

Қаланың ең шетінде жападан салынған сәулетті мектеп үйі бар-ды. Ал, мектептің алдында төбешікте Лениннің ескерткіші тұратын.

Ескерткіш жылтыр қара шойыннан құйылған еді. Қалаға келе жатқан адамға ең алдымен Ленин көрінсін деп, ескерткіш үлкен гранит тастың үстіне орнатылған болатын.

Ескерткіштің айналасына мектеп оқушылары көптеген гүл отырғызды және төрт жас қайың екті. Олар ескерткіш маңына бақша екпекші болған еді, бірақ үлгіре алмады, соғыс басталып кетті.

Фашист самолеттері бейбіт қаланың үстіне ұшып көп бомбалар тастады. Сонан кейін зеңбірекпен атып, қаланы қыйрата бастады.

Жау төніп келіп қалған кезде, жұрт қаладан кете бастады. Әйелдер мен балалар хауіпсіз жерге көшірілді, еркектер қолдарына қару алып, орман арасына кетті — партизан болды.

Бірақ бірнеше адам қаладан үлгіріп кете алмай қалды.

Немістер қалаға көп кірді. Мектеп пен жақсы үйлерге өздерінің бомбалары мен снарядтары түсіп, өртеніп кеткенін, Ленин ескерткішінің бұзылып қалғанын, қаланың барлық көшелерінің күл-талқаны шыққанын көрді.

Фашист офицері ең әуелі бүтін қалған үйлердің қақпасына бұйрық жапсыру жөнінде әмір берді. Бұйрықта: егер қалада немістің бір солдаты өлтірілсе, немістер оның орнына еркек-әйеліне, үлкен-кішісіне қарамастан советтің кезкелген он адамын өлтіретіндігі жарияланды.

Фашистер қақпаларға бұйрықты жапсырды да, иен қалған үйлерді тонауға кірісті, олар түн ортасына дейін қаланы тонаумен болды.

Түн ішінде қалада қалған соңғы адамдар қаладан ақырындап кете бастады. Олар бір-бірлеп бау-бақшаның ішімен жүріп отырып, орманға апаратын қала сыртындағы жолға шықты.

Былай шыққан соң олар бастарын қосып еді, өртенген қала халқынан қалған алты-ақ адам екен.

Олар тіл қатпастан тоқтай қап, таңертең үстінде Лениннің ескерткіші тұрған таныс төбешікке қарады. Сонан соң бәрі де үнсіз төбешікке қарай бұрылды.

Олар ескерткіш орнатылған тасты тауып алды. Тасты бомба екіге бөліп кетіпті. Советтің алты адамы жарылған тасты көтеріп төбешіктің басына шығарып

қойды. Сонан кейін ескерткіштің өзін іздеді. Қараңғыда іздеп табу қиын болғанмен де, әйтеуір ескерткіш бүтін екен. Ескерткішті неміс бомбасы құлатқан қайың басып қалыпты.

Олар қайыңды көтерді.

Сол кезде неміс күзетшісі тың тыңдай қалды. Төбе жақтан оған бір сыбдыр естілгендей болды.

Ол төбеге тамап жақын келіп еді, бірақ ешнәрсе сезілмеді. Жалғыз-ақ құлаған қайыңның жапрақтарын жел сыбдырлатады, өртеніп жатқан мектептен жайлап будақтаған түтін төбені көзден тасалап тұр.

Солдат бір аз ойланып тұрды да, ішінде неміс солдаттары ұйықтап жатқан үйге қарай жүріп кетті.

Советтің алты адамы ескерткішті жайлап көтеріп әкеп, өзінің бұрынғы орнына — гранит тастың үстіне қойды. Гранит тас орнықты берік тұр, оны ешқашан неміс бомбасы сындырмаған да секілді.

Сонан кейін өртенген қаланың соңғы адамдары бір-бірлеп орманға қарай жылжыды.

Таң атты. Неміс офицері қаланы көріп, қалада қалған адамдардан жауап алмақ болды. Ол қасына екі солдат ертті де, көше аралап кетті.

Бір кезде біреу қойып жібергендей неміс офицері сылқ етіп кенет тоқтай қалды: төбешіктің үстінде Ленин тұр.

Фашисті ыза қысып, зығырданы қайнап, жүзі қап талап кетті. Жын соққан адамдай, тапаншасын қолына ала сап, ескерткішке қарай тұра жүгірді. Тағалы етіктерін тарсылдатып, солдаттары оның соңынан томшандап барады. Төбешікке жете бергенде, офицер есін жыйып тапаншасын қабына сап, солдаттарына граната бер деп әмір етті.

Бірақ ол гранатаны лақтырып үлгермеді. Алыстан мылтық атылды. Офицердің оқ тиген қолы сылқ етіп төмен түсті. Мылтық орман жақтан атылған еді.

Солдаттар жерге екібетінен жата қап, мылтықтарын кезенді.

Немістер дабыл қақты. Бір рота солдат жыйылды. Офицерлер оларды сапқа тұрғызып, орманға кетті.

Осы кезде қалаға екінші жақтан партизандардың атты отряды келіп кірді.

Сонымен партизандар немістерге екі жақтан бірдей соққы берді. Барлығын құртып бітіргенше соқты.

Бір күннен кейін қалаға совет танктері көп кірді.

Біздің танкистеріміздің бірінші көргені — Лениннің ескерткіші болды. Ескерткіштің қасында күзетте қарт партизан тұр, қолында аңшы мылтығы бар.



Бағизден әңгіме

М. ИМАНЖАНОВ

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ

— Тоқта! — деген жіңішке дауысқа машина күтіп отырған бір топ курортшы жалт қарадық.

Қаракер атқа жегілген жеңіл арба қасымызға келіп тоқтай қалды. Арбаның төр жағында отырған тоқаш мұрын, өткір көзді, толықша келген қара бала дереу түсе қалып, біздің қасымызға келді.

— Машина Шортандыға жүре ме? — деді ол асыға сөйлеп.

— И, жүреді.

— Мені ала кетесіздер ме, ә?..

— Оны ана шоферден сұра.

— Ала кетесіз-ә! — деді ол анадай жерде автобуспен айналысып жүрген шоферге төніп.

— Ақшаң көп пе?

— Фу, мына тұрған Шортандыға ақша сұрайсыз. Сізсіз де бара аламын.

— Ну, бар!

Бала сәл бөгеліп желкесін қасып тұрды да:

— Босқа ат сабылтқым келмен еді... Ал сіз түсінбейсіз... Қазір егін жыйнап жатқан уақыт... Колхозға көлік керек... Білдіңіз бе, — деді сөздерін үзіп сөйлеп.

— Опы маған не қыл дейсің?

— Мені ала кетсеңіз, атты осы арадан қайырма болар едім.

Манадан бері назар аудармай немқұрайды сөйлесіп тұрған шофер балаға мойын бұрып:

— Жарайды, алсам ала кетейін, — деді.

Желкіншектің көзі жайнап кетті. Божыны екі қолымен тежей ұстап, арбаның алдыңғы жағында жағын таянып үнсіз отырған ат айдаушы балаға қарай жүрді ол. Арба үстінен кішкентай чемодан мен көне пальтосын алып, біздің жанымызға әкеліп қойды да:

— Сен енді қайта бер! — деді оған.

Делбеші бала аттың басын кері бұрды.

— Мыналарыңды алмайсың ба? — деді ол қойнынан бір қара мұқабаны шығарып.

— Неге алмаймын, аламын.

Ат айдаушы мұқабаны берерін берсе де, қыймағандай көзі жаутандай бастады.

— Бәрін алады деп қорықпай-ақ қой. Саған да қалдырамын.

Мұны естіген соң оның күдігі кеткендей болып, күлімсірейін деді.

Суреті бар төрт-бес парақ қағаз делбеші баланың қолына тиіп те қалды сол сәтте.

— Жете ме?

Ол үндемеді.

— Дәмесін қара. Жетеді әзірше. Барғансоң көп-көп әдемі суреттер жіберем. Жарай ма?

Манадан бері сөзге сараңдық білдіріп тұрған делбеші бала енді мүлде өзгеріп кеткен тәрізденді. Қолайына жақты ма, кім білсін, сөз орайын жібергісі келмегендей асыға сөйлеп:

— Құлшараға не жібересің? — деп сұрады.

— Оған қоянның суретін жіберемін.

Біз ду күлістік. Екеуі де ұнатпаған пішіммен бізге жалт қарасты. Әңгіменің үзілуі-ақ мұң екен, қаракер де орғый жөпелді.

— Сен жайырақ жүр! — деп айқайлады қалған бала.

— Ол сенің інің бе? — деп сұрадық біз одан.

— Інім.

— Екеуің күрескендер қайсың жығасындар? — деп күлді бір курортшы.

Бала бейне бір егде адамдай байсалды пішіммен жауап берді.

— Менімен қайдан күрессін, ол әлі жас емес пе!

— Нешеді?

— Тоғызда ғана.

— Өзің нешедесің?

— Мен он төртке шығамын.

Бұл сөзді ол маңғазданып айтты.

— Оһо ол сенімен шынында да күресе алмайды екен.

— Мен ол түгіл Сейілді де жыққам.

— Сейіл кім?

— Біздің колхоздың баласы. Менен екі жас үлкен.

— Шынында да мықты екенсің.

Бала қалжыңбас жігіттің әзілін ұнатпады. Оның сұрақтарына ықылассыз жауап беріп, теріс айналды да, қара мұқабандағы суреттерін алып көре бастады. Мен оның қасына келіп отырдым.

— Мынауың қандай кітап? — дедім пальтосының қалтасынан жиегі шығып жатқан кітапты нұсқал.

— Чеховтың әңгімелері, — деді ол селқос жауап беріп.

— Бере тұршы.

Кітапты ашқан бетімде менің көзіме «Ванька» әңгімесі түсті.

— Мынаны оқыдың ба өзің?

— Фи, біз оны төртінші класта оқығанбыз.

— Өзің айтшы, қызық әңгіме емес пе?

— Қызығы қызық, — деді ол ойлап, — бірақ Вань-



ка өте ыңжық бала. «Атамның деревнясына» деп хат жазуы ұят. Соның жасындағы біздің Сейтеңдер адресіз хат бармайтынын білуді айтасыз, түү Мокваның өзін тауып барар едім дейді.

— Мен жатапты өзіне бердім де, Ваньканы қор еткен заманы екенін түсіндіре бастан ем, ол сөзімді бөлін:

— Мен оның бәрін жақсы білемін. Сізге тек өзімнің ойымды айтып отырмын ғой, — деді. Содан кейін бетіме тура қарап:

— Мен сіздер ойлағандай ештеңені білмейтін бала емеспін. Мен жетінін класты бітіргем, — деді.

— Бәрі қалжың ғой. Шын ренжіп калсаң, онда таулаасайық, — дедім күліп.

Ол да күліп жіберді.

— Сен маған атыңды айтпадың ғой.

— Сіз өзіңіз сұраған жоқсыз ғой.

— Ал сұрайық.

— Атым — Сағит.

— Жігітең, Сағит... Мына суреттеріңді көрейінші.

— Көріңіз.

Түрлі түсті бояу қарындашпен салынған суреттерді бала менің алдыма жайды.

— Мынау Оқжетпес!

— Оқжетпес дейсің бе!?

Бала менің неге қайталап сұрағанымды сезгендей:

— Бурабай көлінің шығысынан қарау керек. Сонда жақсы түсінесіз, — дегенді айтты.

— Ал мынау қай жердің суреті?

— Бұл біздің колхоздың фермасы... Мына арасы аздап келіңкіремсіді. Асықтым. Ал, шынында, біздің ферма тамаша ғой? Ой, тамаша ғой! Сіе, мүмкін, көрген де боларсыз?

— Қай колхоз еді әлі? — дедім мен.

— «Мәдениет» колхозы.

Мен мүдіріп қалдым.

— Біздің колхозды жұрттың бәрі біледі... Жоқ, сіз әдейі білмегенсің түрсыз. Көрмеуіңіз мүмкін емес.

Бала көңілін қыймасам да, өтірік айта алмай:

— Рас, көрген жоқ едім, — дедім.

Бала бетіме таңдана қарады.

— Шын айтасыз ба, бізді білмейтін бұл маңда адам жоқ.

«Біз!» дейді, бүкіл ауыл атынан, азамат атынан сөйлейді ол. Сол ауылдың дамылсыз соқпақ үлкен жүрегіннің бір тынысына санайды өзін. Коллектив қуанышының дөмін қаршадайынан татқан жас ұлашның тәтті қылығы, тамашасың-ау сен!

Мен оның сөздеріне қызығып, әңгімені соза бергім келеді.

— Ал мына бір сурет нені бейнелейді? — деп сұрадым.

— Колхозымыздың жайлауы ғой.

— Жайлауларың жақсы екен.

— Бұл суреттің нағыз бір оңдысы бар еді. Оны жаңа ішіме бердім ғой. Ол өзі сурет салу білмейді. Сонсың бердім. Өскенде ол да сурет салып үйренеді ғой.

Сымбатты мүсін жоқ, сәбилік дәуірдегі оның аңғал суреттері ішінде, әсересе, біреуі көңілге айрықша әсер қалдырды. Онысы — тауды бейнелеп салған суреті. Рас, бұл сурет те басқалары сыяқты балалық ойлап, балалық мінезден туған кәдімгі жай суреттің бірі. Бірақ мұнда сыр жатыр. Сезімтал, ойлы, аңғарғыш баланың сыры жатыр.

Суретке тесіле қарап қадалғанымды ұнатты білем, ол маған күлімсірей қарап:

— Жүріңіз, мен сізге қызық көрсетемін, — деді.

Мен оның соңына ердім. Біз курорт бюросы үйінен едәуір жер кейін жүріп барып тоқтадық. Ол оңтүстік батысқа қарады. Мен де сол түсқа көз жібердім. Бурабай көлі сол біз қараған жағадағы бұйра басты көкжасыл төбелердің жасыл іреңіне бөленіп көзді толқыта, жасыл атып көкшіл мұнарлы ерекше бір әсем, тажайып түспен толқым жатты. Оның аржағында төбесін ақтаңдақ шалған селдір орманды кіші-кірім таулар сағымдана мұнартып көрінеді. Батар күпнің шапағы алауратып, қызара бөртін, шоқылардың қыр басына жайған қызыл жалаудай ұзылынан созыла түсін бірте-бірте күңгірттеніп барады.

— Анау тұрған Шортанды тауын көрдіңіз бе? — деді бала қолымен нұсқап.

— Көргенде қандай!

— Қараңызшы, неге ұқсайды.

— Бәсе неге ұқсайды?

— Ұйықтап жатқан адамға ұқсайды, — деді ол.

Оның не көрсетпек болғанын енді түсіндім.

Әдетте, жұрт Шортанды тауын «ұйқыдағы батыр тауы» деп те атайтынын мен де білетінмін. Расында да, алыста мұнартақан сол бір көкшіл таудың ұшар басына, қырқалы жотасына көз жіберсеңіз оның ойлы-қырлы шоқылары шалқасынан түсін ұйықтап жат-

қан, қаба сақалды, дулыға киген адам бейнесін көзге елестетеді... Бала маған, міне, осыны ұқтырмақ...

Сурет туралы әңгіме аяқталмады. Сигнал болды да, біз асыға басып машинаға келдік.

* * *

Автобус Бурабай көлінің шығыс жақ жиегін жағалай Шучье қаласына қарай даңғыл жолмен зырғып келеді. Село үйлері бірінен соң бірі қалып жатыр. Жасыл жағалаудың көк жалын түсті толқымалы буалдыр нұрына малынып көл бергі жиектегі ағаштардың тасасынан шығып, жарқырай түсуде. Бағананы оңтүстік-батыс жақтағы жасыл жиек ашылған шымылдықтай бірте-бірте созылып, Бурабайдың батыс жағын орай кемшірқосақ тартып дөңгеленіп келеді.

Міне, көл аумағы түгел көрініп, алақанның аясындай дөң-дөңгелек болып, мөлдіреп жатыр. Қолмен әдейі орнатқан зәулім мұнарадай көкке шапшылып, батыс жақ жағада, бұйра жалды Көкшеге иек артып Оқжетпес шыңы көлге тәнін тұр. Біріне бірі кәрік беріп, жараса қабысқан мөлдір көл, айналадағы жасыл тау, жасыл дала көкжиекпен ұштасып жатқан көк теңіз сыяқтанады да, Оқжетпес сол теңіз ортасындағы жартастай көрінеді. Манадан бері осы көріністерден көз алмай, телміре қарап отырған бала менің ыйығымнан ақырын түртіп:

— Бағананы сурет, міне, осы тұстан салынған, — деді.

— Оны да өзің салып па едің?

— Жоқ. Мен мұндай әдемі ғып қайдан салайын. Экскурсияға келгенде мұғаліміміз салған. Ол кісі өте суретші адам.

Мен оған сурет өнерімен шындал шұғылдану керек екенін айтып едім, ол Алматыдағы сурет училищесіне оқуға бара жатқанын білдірді. Мен оның бетіне таңдана қарадым.

— Жалғыз өзің барасың ба?

Бала сақлықтап тұрып күлді.

— Сіз де менің апамның сөзін айттыңыз ғой... Жаюу жүріп жатқаным жоқ. Қайда барсам да поезд апарады.

— Ол солай ғой, әйткенмен, поездға билет алу керек деген сыяқты қыйыншылықтар кездеседі емес пе?

— Кездесе берсін, қорқам ба...

— Үлкен станцияларда балаға қыйындау соғады.

— Қыйын соқпайды... Бастығының өзіне барамын. Документімді көрсетемін. Билет бер деймін. Ол береді. Ал егер Алматы вагонына отырсам, жолдағы станцияларға түсіп те әуре болмаймын ғой.

Ол колхозға Алматыдағы көрнекті суретшілердің бірі келгенін, суретші болу үшін уақыт оздырмай осы бастап арнаулы мектепке түсу хажеттігін айтып, тез оқуға аттануға кеңес бергенін, мұны апасының және ауыл адамдарының қостағандығын айтты.



Ол аз үнсіз отырды да:

— Алматы әдемі қала ғой, ә? — деп сұрады.

— Әдемі қала.

— Көл бар ма?

— Бар.

— Мен суға түсіп, жүзуді жақсы көремін.

— Тағы иені жақсы көресің?

— Өзіміздің ауылды жақсы көремін. Әресе, апамды жақсы көремін.

Мен күліп жібердім. Жалғызда отырған бір-екі курортшы да күлді. Бірақ олар біздің әңгімемізге кедергі жасағысы келмеді білем, сөзге араласпай өзара күлісіп отыра берді.

— Апаңды әлі сағынасың ғой.

— Сағынатын шығармын. Бірақ суретші болғаным жақсы ғой. Көп-көп білім алам. Өзіміздің колхозға мұғалім болам.

— Сенің оқуың мұғалімдік емес, басқа өнер ғой.

— Бәрі бір. Қайда жүрсем де мен жаман болмаймын.

Ол дұрыс айтады. Өз келешегіне кәміл сенген талантты жас ұлан қайда, қандай істе болса да қор болмайды. Ол сөз жоқ, өнетемі адам болады.

Қызықсың-ау, бала мінезі! Өзінің қалыптасып болмаған толқымалы ойындай оның сөзі де әр түрлі. Кейде үлкен адамдай саған ойлы пікір айтады. Кейде өзінің балалық көңіл жүйінің әуенімен кетеді де, сөбілік аңқау мінезін алдыңа тартады. Осының бәрі оның бойына жарасып жатады. Мен оған күлімсірей қараймын. Ал, ол өзінің келешегіне күлімсірей қарайды. Мен одан бүгінгі өміріміздің болашағын көремін. Ал, ол сол болашақ ертеңгі өмірдің келешегіне көз тігеді.

Менің есіме тағы Чеховтың Ванька Жуковты түсті. Ванька! Байғұс Ванька! Бүгінгі Сағиттар сен жерген азантың не екенін де білмейді. Олар сенің шерлі өміріңді тек кітаптан ғана оқиды!... Бақытты Сағит! Анау Америка мен Англия сыяқты күлдік жайлаған елде дәл бүгін де сан мыңдаған Ванькалар зар шлеуде екенін білесің бе, сен! Білуге тиіссің! Жақсы біл! Бақытты жастық тек сенің колхозыңда, сенің Отаныңда ғана екенін ұмытпа!..

Машина зырғиды. Баланың келешегіне шомған тәтті ой машинаға жеткізер емес! Ол байтақ Отанды аралап, шарқ ұрып жүр. Көз ұшынап сан алуан маман: дәрігер, инженер, жазушы, суретші, оқымыстылар саны етіп жатыр... Сағит келешекте солардың бірі ғой, достарым!

Жас доспен қалаға келген сен айрылысуға тура келді. Біз Балқашқа баратып поезды күттік те, ол Петропавл поезымен сол күні кешке Алматыға аттанды.

Отарда



Ә. КӨШІМОВ

Арқаның аппақ белдері
Созыла түсіп шалқыйған,
Маңғаз биік өрлері
Ақ бөкендей маңқыйған, —

Узақ жолдың үстінде
Қатарласып қалыспай,
Әрең тоқтап үш күнде,
Қала берді алыстай.

Салтанатты сарайлы,
Қызық думан қала да
Кейін қалды. Қараймын
Құм жоталы далаға.

Буырқанып бұрсанған
Боран тұрсын, қар да жоқ,
Шуақ күнмен күрсалған
Өбісіп тұр жер мен көк.

Жанға жайлы шағырмақ —
Орнағандай қоңыр күз,
Жаз кіргендей шағындап,
Маужырап тұр жапан тұз.

Жүргіншіден жолдағы
Андар қашпай, жанайды,
Кер киіктер ордалы
Үркіп, бізге қарайды.

Құмы қардай есілген
Жорттық жоннан әрі аса.
Бір мезгілде белестен
Шыға келді Сарғасқа.

Төбет пе өзі, тазы ма? —
Үлкендігі таңшадай, —
Бастырып жүр созыла
Көк қоянды қаршадай.

Көкше қоян құлдырап,
Өте берді жанымнан.
Неткен жүйрік ит еді,
Жарқ еткізді таңынан.

Алған анын бауыздап,
Байлайын десем жаныма,
Дәу Сарғасқа ырылдап,
Жолатар емес маңына.

Келе жатқан асықпай
Қырдың құлап басынан,
Жаңа көрдім аңшыны,
Мылтығы бар асынған.

Еркеледі Сарғасқа,
Енді байқап жолдасын.
Иесіне өзінің
Берді апарып олжасын.

Жер тарпыйды мінгені —
Жарау жирен—күдіс бел.
Жөн сұрастық білгелі,
— Есен бе, — деді, — қалың ел?

Аңшы ғой деп ойласақ,
Шопан екен қария.
— Сарғасқам менің малға сақ,
Ісі жұртқа жария.

Қоян деген бұйым ба?
Көкжал қасқыр болмаса!?
Қарамаса қыйырға,
Қосылғанын алмаса, —

Ит асырап не керек,
Хажеті не? — деп қойды.
Қанат жайған көбелеп,
Көзім шалды көп қойды.

Етегі кең қобыда
Дөңгеленген шұбартып,
Мыңғырған мал тобына
Көз жібердім құмартып.


Арқар мүйіз, дөң тұмсық,
Бұғы мойын қошқарлар
Өзі-өзінен паңсынып,
Қырындайды мосқалдар.

Таңқы құйрық, жалпақ бел
Құнан койлар жайқаңдап,
Биязы жүнді үркек төл —
Тоқтылар жүр жайтаңдап.

Арық-тұрақ бір мал жоқ,
Семіз, күйлі бәрі де.
«Ырысты екен бұл шал» деп
Үнсіз келем әлі де.

Тандағандай бейнемді
Байқады ма қарт ата
Деді:
— Балам, сөйле енді
Мән-жайынды тарқата!

Баяндадым жайымды.
— Е, тілшімін де! Жарайды!



Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ

Түсінем, — деп, оныңды,
Қарт жымыйып қарайды.

Шөлге шығып көрмеген
Жастың бірі боларсың.
Өзіміз-ғой ел деген,
Біздің қосқа қонарсың.

Бұл арада қатарда
Құмның бойын қыстаған,
Талай қос бар отарда
Мындаған мал устаған.

Бізді көр де—бәрің көр,
Айырмасы шамалы.
Құтты қоныс осы жер,
Малға майдай жағады.

Ақ от керек десеңіз,
Ұлпа мынау — ажырғы.
Қара от керек десеңіз,
Жусан тектес тамырлы —

Мынау бозаң — күйреуік,
Қара малға нанмен тең,
Жүдеп-жадап күйзелген
Көтеремге қанмен тең.

Бар айыбы құм белдің
Суы тапшы, қары жоқ.
Өзге жағын бұл жердің
Айтса болар дәрі деп.

Шүленсіген сараңның
Тілің білер құрдасы.
Соған ұқсас адаммын, —
Шөл даланың сырласы.

Осылай деді ол. Қыр астық.
Қосы қайда? Қора тұр.
Құтты екен деп сырластық.
Жаңа қыстау дара тұр.

Бір жас әйел далада
Қора-қопсы жайлап жүр.
Қартаң ана қадаға
Қос атанды байлап жүр.

Сәлем бердік соларға.
— Есендік пе, балалар.
Аудандарың аман ба?
Қала жақтан не хабар?

Десіп жатыр екеуі,
Атымызды байласып.
Бұл жер — елдің мекені
Жайғасқан екен жайласып.

Малшылардың кем қалған
Көре алмадық жабдығын.

Жай-күйінен аңғардық
Байлығы мен барлығын.

Қорғап елдің ырысын,
Бір үйлі жан бел буған —
Танытқандай зор күшін
Батырлардың өр туған.

— Күйлі болса баққан мал,
Сенімді, — деп, — серігім,
Мезгеп отыр шопан шал
Кемпірі мен келінін.

Есіне алып бір мезет
Оқымысты баласын:
— Өзі тіпті елгезек, —
Малдың індет обасын —

Болғызбан деп дәрілеп
Түтіндейді қораны.
Үш күн болды әлі жоқ,
Қостан-қосқа қонады.

Кемпір асты жайласын,
«Бұлбұлынды», қарағым,
Қолыңа алшы — сайрасын,
Шаршап кепті қонағың.

Деді қария.
— Бұл не? деп,
Қарай бердім айнала.
Патефонда күй ме деп,
Кұлақ тостым жай ғана.

Сүйрік саусақ епті ме, —
Жылтыр қобдй жарқырап.

Күнгір-дүнгір етті де,
Сөйлеп кетті саңқылдап.

«Сөйлеп тұрған Алматы,
Соңғы хабар береміз».
Көңіл көкті шарлады,
Өрісті екен өреміз.

«Отар оқшау өмір ғой,
Шырқап жатқан шығанда,
Кұлазыған өңір ғой»,
Деп ойлап ем шығарда.

Бекер екен болжалым:
Бөлегі жоқ бір тұтас,
Жалғас екен жан-жағым,
Арнасы кең ел тұтас.

Не боп жатыр әлемде,
Елде қандай жаңалық.
Бәрін естіп, өнерге
Мен отырмын таң қалып.

Радио қалада
Үйреніскен іс екен,
Мынау шалғай далада
Баға жетпес күш екен.

«Тыңдаңыздар, келесі
Әдебиет хабарын!»
Сол бір үннің елесі
Енгізді үйдің ажарын.

Алыстағы отардың
Шолып келіп аймағын,

Шопан ата, олардың
Семіз, күйлі бойдағын.

Қанды ауыз деп ардақтап,
Аңға салған қақпанын,
Ардақтады мадақтап
Алты қасқыр соққанын.

Айтты тағы тамаша
Сарқасқадай сырттанын,
Малға шапқан оңаша
Ит-кұстарды құртқанын.

«Еңбегі елге әйгілі,
Қутты шопан қария
Алар озып бәйгіні,
Тарлан боздай тағы да.

Өнегелі қарт ана —
Қарт қыранның серігі.
Сүйікті жан Ақбала —
Уқыпты екен келіні».

Деп радио үзіліс
Дамылдады азырақ.
Бір үйлі жан тым-тырыс,
Жымыңдасты жадырап.

— Көсегесі көгергір,
Бізді қайдан біледі?
Көріп тұр ма? — деп кемпір
Қуанғаннан күледі...

Осы кезде орғытып
Саңлақ сұлу ән жетті, —
Ой-қыялды өрбітіп,
Жан-жүректі тербетті.



Кремль туралы Баллада

К. ЖАРМАҒАМБЕТОВ

Текше араштар түрлі түсті
Жан-жағында. Отыр бала.
Архитектор дерсін оны,
Жасап отыр сұлу қала.

— Мынау қақпа, мынау көше,
Мынау алаң, мынау дала,
Мынау кино, мынау театр,
Мынау парк, — дейді бала.


Бір кезде ол «Мурзилканы»
Қарсы алдына жайып салып,
Кремльдің суретін
Көзбеп шолып тұрды ойланып.

Қызыл текше ағаштардан
Кремльдің қабырғасын.

Қалап болып, қалды аңырып,
Тарап қолмен маңдай шашын.

— Қалай қалап шығармақпын
Мынау биік мұнараны?
Көмектесші, аға, маған,
Қаласуға осы араны.

Бала екеуміз ақыл қосып,
Қалап болдық Кремльді.




Сұрадым мен жас досымнан:
— Кіргіземіз мұнда кімді?

Таңдана ол қарап маған,
Сенбей біраз тұрды дағы:
— Кремльде кім тұрады?
Білмейсіз бе? — деп сұрады.

Бет қызарды, жүз ұялды.
Батып кетті бала сөзі.
Менен жауап күткен де жоқ,
Сөйлеп кетті тағы да өзі.

— Мұнда Сталин қызметте!
Ұлықсат жоқ сіз кіруге!
Дем алсын ол, мазалама!
Жарамайды бос жүруге!

Шығып кеттім бөлмесінен,
Достым сырын енді білдім.
Автоматын тұрды асынып
Күзетшісі Кремльдің.



Чшеудің Жорығы

(Бір перделі, 3 көріністі пьеса)

Ф. ХАТЕЛОВ

ҚАТЫСУШЫЛАР:

Серік —
Амантай —
Болат —
Құрман —

бір звеноның пионерлері.

лагерь советінің председателі.

Қырмызы — звено вожатыы.

Мәстүра —

Әния —

Қадиша —

осы звеноның пионерлері.

БІРІНШІ КӨРІНІС

Сахна — ашық алаң. Жаз кезі. Айнала жасыл гүлге толы. Амантай мен Болат келеді.

Амантай (әлде неге шыдамсызданып). Мұнша кешігуіне не себеп болды екен? Ә?

Болат. Әлде бізді таба алмай жүрген болар. (Жан-жаққа алысқа қарайды).

(Бііығында асынған сумкасы бар, білегі тұрулі, бір білегінде такқан сағат, екінші білегінде компасы бар асыға басып Серік келеді).

Серік. Жәй ма, достар, неге шыдамсызданып тұрсыңдар?

Амантай. Жәй емес, жолдас командир! Жорықшылар отрядына командир болмай жатып, мұнша кешіккеніңе жол болсын!

Серік (сағатына қарап). Уәде сағат он болатын. Қазір сағат дәл он. Мен кешіккен жоқпын. Кінәлауларын орынсыз.

Амантай (Болатқа қарап). Отряд сап түзеп қатарға тұр! (Болат кімге қарап сап түзеп қатарға тұру керек екенін білмей, Амантайға қарайды.) Тез сап түзе!

Болат. Мен жалғыз емеспін бе?

Амантай. Оқасы жоқ, өзіңе-өзің қарап сап түзе, тез!

Болат. Құп. (Бойын түзеп тұрып қалады.)

Амантай (Серіктің алдына барып рапорт береді). Жолдас командир, жорықшылар түгел жыйналды. Келмей қалғаны жоқ! Отряд жорыққа әзір!

Серік. Жолдастар, жарты сағаттан кейін жорыққа аттанамыз.

(Болат пен Амантай Серікке жақындап келеді).

Амантай. Құп болады. Дегенмен жорықтың жөн-жобасын әбден анықтап алған жөн емес пе?

Серік (сумкасынан жалма-жан карта алып, Амантай мен Болатқа карта бетінен жорыққа баратын жерді көрсетіп жатады). Осы бағытымыз дұрыс емес пе? Мынау Қызылтастың аңғары. Ушқан құс, жүрген аңның мекені. Жолы қыйын. Тек өзіміз бағыт алып, жөн тауын жүрмесек, бізге жөн сілтейтін ешқандай жол жоқ. Талай шатқал, қыя тастардан өтуге тура келеді.

Болат (сескеніп). Мұнда жыртқыш аңдар кездесуі де мүмкін. Тым қорқынышты екен.

Серік. Ол рас, кездесер де. Тышқаннан қорыққан егін екпейді дегендей, жыртқыш аң жолығады екен деп үйден ұзамауға бола ма? Батыл адамға ешқандай аң жолай алмайды.

Амантай. (Серіктің сөзін қостап). Ешқандай қорқыныш, қыйыншылық біздің жолымызды бөгесі мүмкін емес. Негізгі мақсатымызды белгілейік те, жолға шығалық.

Серік. Жорығымыздың негізгі мақсаты — осы қыйын жолды өтіп, Қызылтастың басына жалау қадаймыз.

Амантай. Бәрі ұғымды да, көңілге қонымды да. Басқа шкір жоқ.

Серік. Ендеше, уақытты оздырмай тез әзірленіңдер. Жарты сағат көп, 20 минут, жоқ, жыйырма минут та көп, он минутта әзір болыңдар, ұқтыңдар ма, тез!

Амантай. Жорыққа керектілерді жыйнап үлгіру үшін жарты сағат та көп болмас.

(Болат пен Амантай таңданып, біріне-бірі қарайды).

Серік. Сеніңше жолға қой сойып алу керек пе? Жан тыныш, тамақ тоқ болуын ойласақ, бір сағатта да жыйналып үлгірмейміз.

Болат. Сеніңше сонда, жолда ішуге ешқандай тамақ алмау керек пе?!

Серік. Ешнәрсенің керегі жоқ. Жалғыз-ақ қотелок болса, болғаны. Шырпы ал! Ұқтың ба?

Амантай. Дұрыс, бәрі дайын болса ол жорық болмайды. Біздің мақсатымыз қыйыншылыққа төзіп үйрену, жеңу емес пе? Ер азығы жолда деген, қане кешікпелік.

Болат (Серікке). Олай болса біз әзір, жолдас командир!

Серік (көңілденіп). Дұрыс, достар, тарттық сапарға (шығады).

Шымылдық.

ЕКІНШІ КӨРІНІС.

Сахнаның төр жағында тігулі шатырдың шеті көрінеді. Сахнаның орта шенінде орындық. Онда Құрман отыр. Құрманның қарсы алдында Қырмызы тұр.

Құрман (орнынан тұрып). Алынған хабарға қарағанда осы манда бір топ жорықшы пионерлер жүрген көрінеді. Жол азабын шетіп, көп қыйыншылыққа кездескен сияқты. Оларға тез көмек көрсету үшін, бірнеше экспедиция жөнелтпекпіз. Бірі сенің звеноң. Тез қамдан да, жолға шық!

Қырмызы. Бұл не, жаңа ойын ба?

Құрман. Ешқандай да ойын емес. Тез қамдану керек!

Қырмызы. Звено түгел баруға тиіс пе?

Құрман. Я, түгел. Бәрі де түсінікті ғой саған.

Қырмызы. Я, бәрі де түсінікті болды, жолдас совет председателі! Кетуге ұлықсат етіңіз!

Құрман. Кеткенде, қайда кетпекшісің?

Қырмызы (таңданып). Қызық екенсіз. Тез қамдан, тез жөнел дейсіз де, енді қайда кетесіз дейсіз. Қай сөзіңізге түсінуге болады? Мазақ емес пе, мұныңыз!

Құрман (дауысын көтеріп), жолдас звено вожатыы, қазір кеткенде қай жаққа баратыныңды, қай жермен жүретініңді білемісің?

Қырмызы (қысылып). Жоқ.

Курман. Білмей тұрып, қайда бармақшысың, әуелі анықтап алу керек емес пе бәрін.

Қырмызы. Айтқаныңыз дұрыс. Хателік менен.

Курман. Ендеше тез қағаз, қарындаш алып жаз!

(Курман орындық үстінде жатқан картаны алып Қырмызыға баратын бағытын, қай жерлермен жүру керек екенін көрсетіп жатады. Қырмызы қағаз, қарындаш алып, жазып жатады. Бұл екі-үш минутқа созылады).

Қырмызы. Жазып алдым.

Курман. Өте жақсы, енді кешікпе! Дәрі-дәрмектер ал.

Қырмызы (таңданған пішінмен). Оның не хажеті бар, бұл әшейін ойын емес пе?!

Курман. Жаңа жазып алғандарыңның ішінде «ойынға барасың» деген сөз жоқ қой?

Қырмызы. Жоқ.

Курман (байсалды пішінмен). Ендеше, бұл ешқандай ойын емес. Саған және сенің звеноңа өте жауапты тапсырма беріліп отырғанын елемей тұрсың. Сенің звеноң қыйыншылыққа кездескен адамдардың өмірін сақтау үшін барады. Олай болса, барлық жағынан толық қамтамасыз болыңдар. Жеткілікті етіп тамақ та алғандарың жөн. Енді түсінікті ме?

Қырмызы (бой түзеп тұрып). Бәрі де түсінікті, жолдас совет председателі, тапсырма ойдағыдай орындалады деп сеніңіз!

Курман (Қырмызының қолын алып). Тапсырманы өте жақсы орындауыңа тілектеспін. (Қырмызы тез басып, шығып кетеді, Курман оның артынан қарап тұрып қалады).

Шымылдық.

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Сахна төрінде биік жартастың суреті көрінеді. Бұл жартасты картоннан бояумен бояп жасауға болады. Шымылдық ашылғанда, сахна бос тұрады. Бір аздан кейін сахнаға Серік шығады. Оның соңынан Амантай мен Болат келеді. Бәрінің де өңдері жүдеу.

Серік (сахнаға шыға беріп, төр жақтағы биік жартасты көріп тоқтай қалады да, жартасты нұсқап қуанып). Көрдіндер ме, эне, мақсатқа жеттік деген осы емес пе?! (Амантай мен Болат та жартас жаққа қарайды).

Амантай. Мақсатқа жеттік дейсін. «Қуырдақтың көкесі түйе сойғанда болады» дегендей осыдан қайтып оралуымыздың өзі екі талай болар.

Болат. Я, алдымыз да, артымыз да ит тұмсығы өтпейтін ну орман, жол жоқ. Компас болса жоғалып қалды. Қай жақтан келгенімізді біліп болар емес, бас айналды.

Серік (қатуланып). Ешбір абыржымаңдар, достар, қыйыншылықсыз табысқа қол жетпейді!

Амантай. Кешеден бергі шаршап-шалдыққандағы табысын мына қыя жартас па?

Серік (Амантайға қарап, ренжіген пішінде). Амантай, ешбір қыялық жоқ екен ғой өзіңнің. Кім біледі, бастауыш мектепті, одан кейін орта мектепті, одан кейін институт бітіріп, біріміз геолог, біріміз инженер, біріміз агроном болуымыз ғажап емес. Сол кезде кен байлығың, жер сырын зерттеп, осындай жорыққа шықпайтындығымызға кімнің көзі жетеді. Сондай жорықтарға осы бастан машықтан берудің қанша зыяны бар?

Болат. Ол дұрыс. Бірақ машықтанғанда осындай ну орманда, тау-таста



тентіреп үйрене ме екен? Ең болмаса бұл жерден шым тезек тапсақ екен. О да жоқ.

Амантай. Жарайды, болары болды, енді осы орманнан аман-есен жол тауып шығудың амалын істелік.

Серік. Дұрыс! Қане, жүріңдер! (Амантай мен Болатты бастап, жартастың сырт жағын айналады. Сахна сыртынан Серіктің «Сақ болыңдар, құлап кетпеңдер» деген дауысы естіледі. Аздан кейін үшеуі еңбектеп жартастың басына шығады. Серік жалма-жан сумкасынан қызыл жалау алып жартастың төбесіне шаншады). Достар, енді біздің бұл ісіміз бүкіл дружинаға үлгі, мәлім болатын болды. Қызылтасқа жалауды тұңғыш рет біз қададық. (Үш дос бірінің-бірі қолын қысады).

Болат. Енді басқа сөзді қойып, қараңғы түспей жөн тауып шығып кетудің қамын ойлайық.

Серік. Дұрыс. Қане, қолдарыңды айқастырып ұстап, мені жоғары көтеріңдер. Бұл маңда тірі жан болса бізді көреді, мен қазір белгі берейін. (Болат пен Амантай қолдарын айқастырып ұстайды, олардың қолына Серік шығады, екі қызыл жалау алып, бұлғап белгі береді, аз тоқтап тағы белгі береді. Біраздан соң қуанып) Эне, адам көрінеді, келе жатыр! Эне көрді, көрді бізді!

Амантай (қуанып). Бер, бер белгіні, шақыр, көрмей, бір жаққа бұрылып кетіп жүрмесін!

Серік. Жоқ, анық көрді бізді, міне, таянып та қалды. (Жерге қолдан түседі.) Қане, жүріңдер, қарсы барамыз. (Бұл үшеуі жартастың арғы жағына түсіп кетеді. Бұл кезде сахнаға Қырмызы, Мәстүрә, Әния, Қадидша келеді, Қырмызының ийығына асынған дәрігерлік сумкасы бар. Мәстүрәнің қолында азық-түлік салынған сетка, Әния мен Қадидша нослика көтерген. Бұлар сахнаға келісімен жартастың тасасынан Серік, Амантай, Болат шығады).

Серік (Қырмызының алдына келіп, салют беріп). Максим Горький атындағы мектептің пионерлеріміз. Жорықта жүрміз. Жорықшылардың командирі менмін, атым Серік!

Қырмызы (салют беріп). Көздеген мақсаттарына жеткен қуаныштарыңызға біз де ортақпыз. Шаршаған боларсыңдар. Көмек көрсетуге даярмыз.

Мәстүрә (сеткадан тағамдар алып жатып). Кейін сөйлесіп, жете танысармыз, қане, сусындап, тамақ ішіңдер!

Болат. Жол болды деген осы. Амантайды арқалармын деп қорқып едім, енді ол әл жыятын болды.

Қырмызы. Сендердің хабарларыңды естіп, әдейі іздеп шықтық.

Серік (Амантай мен Болатқа). Көрдіндер ме, біздің даңқымыз қазірдің өзінде талай жерге жайылыпты. (Үшеуі сусын ішеді).

Қырмызы (өздері келген жақты нұсқап). Мына жерде біздің лагерь бар. Жүріп қонақ болыңдар, біздің пионерлерге жорықтарың жөнінде әңгіме айтып беріңдер.


Серік. Дұрыс, лагерьлеріңе құтты қонақ болайық. Қане бастаңыз. (Бәрі де шығуға ыңғайланады. Болат жерге отыра кетеді).

Болат. Басым айналып барады, жүре алатын түрім жоқ.

Қырмызы. Күн тиіп, шаршағандікі ғой, оқасы жоқ! (Сумкасынан марля алып, оны сулап Болаттың басын таңады. Мәстүрә жалма-жан Болатқа су жутқызады. Әния мен Қадидша носилканы жайып үстіне Болатты шалқасынан жатқызады да көтеріп шығып кетеді).

Шымылдық

БІЗДІН, ЖҮ



БІЛІМДІ БОЛЫҢДАР

Сімет КЕҢЕСБАЕВ.

Қазақ ССР Ғылым Академиясының вице-президенті.

Қазақстан лениншіл-сталиншіл жас ұландарының «Пионер» журналының он жылдық мерекесі — барлығымызға ортақ қуанышты мереке.

Қазақстанның жас ұландарын алдыңғы қатарлы адам баласының көксеген ұлы нысанасына — коммунизмге қарай бастау — «Пионер» журналының өте жауапты, өте хурметті игілікті борышы. Осы міндетін журнал дұрыс түсініп, он жыл бойы осы игілікті жұмысын көңілдегідей орындап келеді. «Пионер» журналы социалистік өміріміздің неше алуан салаларын балалардың ақыл-ойына, санасезіміне сай мөлшермен, қазақтың жатық, көркем, бай тілімен жаза да білді, өзінің оқушыларына жеткізе де білді.

Хұрметті жас інішектерім! Қазақстан ғалымдары атынан журналыңыздың он жылдық қуанышты мерекесін құттықтаймын және журналдың бұдан былай да жас ұрпақтарды коммунистік рухта тәрбиелеуде жемісті жұмыстар істеуіне тілектестік білдіремін.

Оқуда озат, еңбекте қажырлы болыңдар! Білімді, Отаныңа сүйкімді болып өсіңдер!

Кенесбаев

«ПИОНЕРГЕ»

Көп жаса! Тілегіме шек қоймадым.
Сан жетпес келешектен көпті ойладым.

Өскелең өміріңнің өрісіне
Жүз бен мың кем болар-ау деп те ойладым.

Отанның кұрыш қанат жас түлегін
Сөзіңмен шаттандырып жас жүрегің,
Ленинизм рухында тәрбиелеп,
Ете бер жемісті еңбек-бас тілегім!

Қалмақов

Жас пионерлер! Хұрметті оқушыларымыз!

Біздің журналымыз «Пионердің» бірінші саны 1939 жылғы январь айында шықты. Міне сонан бері он жыл өтті. Журналымыз да пионер жасында. Жастығына қарамастан «Пионер» журналы соңғы он жылда

болып өткен тарихи оқыйғалардың барлығына да куә, көпшілігіне айғақшы бола алатындығын мақтаныш етеді. Біздің журналымыз совет халқының соңғы он жыл ішіндегі ерлік істері мен тамаша табыстарының даңқын таратуда өзіне жүктелген міндетті атқарып келді.

Осыдан он-ақ жыл бұрын жаңа шыққан «Пионер» журналының бірінші санын оқып: «Менің журналым!» деп қуанған жас пионерлердің бір тобы еліміздің даңқты адамдарының қатарына қосылды. Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Ахмедияр Құсайыновтар Ұлы Отан соғысы майдандарында ерліктің үлгісін көрсетіп, Совет Одағы Батыры атапды. Рысқұл Мақатова, Қабыл Саяхимовтар соғыстан кейінгі ауыл шаруашылығын өркендету ісіндегі қажырлы еңбектері үшін Социалистік Еңбек Ері атағын алды. Осыдан он жыл бұрын пионер отрядтарында тәрбиеленген жастардың ішінен ондаған ғылым кандидаттары, жүздеген инженер, агроном, дәрігер, мұғалімдер шығып, еліміздің мәдениет және шаруашылық салаларының қайраткерлері дәрежесіне жетті.

Заманымыздың тілегіне сәйкес, жастарды коммунистік рухта тәрбиелеуде, совет адамдарының жаңа салт, жаңа дәстүрлерін нәсихаттауда «Пионер» журналы партия, совет, комсомол орындарына, мектептеріміз бен мұғалімдерімізге үнемі көмектесіп отырды.

«ПИОНЕР» ЖУРНАЛЫНА

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті «Пионер» журналының он жасқа толуымен байланысты оның оқушыларына, авторларына, жас тілшілеріне, редакциясына ыстық сәлем жолдайды және пионерлер мен мектеп оқушыларына коммунистік тәрбие беруде бұдан былай да зор табыстарға жетулерін тілейді.

«Пионер» журналы пионер ұйымдарын ұйымдастыру жағынан нығайтуда, пионерлер мен мектеп оқушыларын Ленин мен Сталиннің ұлы ісіне, коммунизм ісіне шын берілгендік рухта тәрбиелеуде он жыл бойы большевиктік партияға, Ленин комсомолына, пионер вожатыйларына көмектесіп келді.

ҚЛКЖО Орталық Комитеті «Пионер» журналы бұдан былай да пионерлер мен оқушыларға коммунистік тәрбие беруде, Советтік Отанымызға, большевиктік партияға, балалардың ең жақын досы Иосиф Виссарионович Сталинге сүйіспеншілік, шексіз берілгендік рухта тәрбиелеуде мұғалімдер мен мектепке, партия, комсомол және пионер ұйымдарына белсенді түрде көмектеседі деп берік сенеді.

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті.

ОН ЖЫ

Вожатый деп
Оқығанда ақыл
Ашқанымда ай
Бейқам, балғын

Досым жазған
Тәтті сезім тол
Мойынында ал
Тұрған сынды

Досымның сыя
Алғыс айтсын

Көріңсін деп ті
Ұлы өмірдің шы

Жұбан



ЖУРНАЛЫМЫЗ

О

СТА

Соғыстан кейінгі дәуірде БК(б)П Орталық Комитеті идеология жұмысындағы елеулі кемшіліктердің бетін ашты. Жастарға еліміздегі ұлы өзгерістердің мәнін түсіндіру, совет адамдарының тамаша ерлік істерін түсінікті тілмен жазылған қысқа, көркем әңгімелер, өлеңдер, мақалалар

арқылы айтып беру — журналымыздың соңғы жылдардағы міндетінің ең бастысы болды.

Бұл міндеттерді орындауға көмектесіп, журналымызға академик Қ. И. Сәтбаев, профессор Ә. Бектұров, профессор Ә. Марғұлан, профессор Р. Г. Лемберг, биология ғылымдарының кандидаты Т. Дарқанбаев, доцент М. Маркович, доцент Г. Макаренко ғылыми мақалалар жазды, табиғат зерттеуші М. Зверевтің көркем әңгімелері басылды, ақын-жазушыларымыз — С. Мұқанов, Т. Жароков, Ә. Тәжібаев, Ә. Әбішев, Ә. Сәрсенбаев, Қ. Бекхожин, М. Иманжанов әңгіме, өлең, поэмалар жазып берді. Журнал бетінде жас жазушыларымыздың өлең, мақалалары үздіксіз жарияланып отырды. Қазіргі совет балалар әдебиетінің көрнекті жазушылары С. Маршак, С. Михалков, А. Кононов, Л. М. Квитко, М. Пришвин, тағы басқалардың балаларға арналған шығармалары қазақшаға аударылып, журнал бетінде үздіксіз жарияланып келеді.

Алдағы уақытта журналымыз осы бастамаларының өрісін кеңейтіп, журнал жұмысына ғалым, жазушы, маман, алдыңғы қатарлы еңбек адамдарын көбірек қатыстыруды ұйымдастырмақ. Журнал жұмысын жақсартуға жас оқушыларымыз да көмектесіп, тілектерін білдіріп, өз шығармаларын жіберіп отырулары керек.

ДЫҒЫҢА

ін мен өзінді,
әр сөзінді,
беттерінді,
емін жас кезімді.

мын хатқа балап,
бойға тарап.
ыл галстугі
нен інім қарап.

яң сен де бірі.
қтап, ақын

жыры.
ін әр бетінен
ғы, алтын нұры.

ЛДАҒАЛИЕВ.



«ПИОНЕР» ЖУРНАЛЫНА

«Қазақстан пионері» газетінің коллективі «Пионер» журналының шыға бастағанына 10 жыл толуына байланысты, оның жас оқушыларын, авторларын, қызметкерлерін қызу құттықтап, алдағы уақытта да жемісті қызмет етулеріне туысқандық тілек білдіреді.

«Пионер» журналы республикамыздың пионерлері мен оқушыларын оқуға, терең білім алуға, Отанға пайдалы саналы адам болып өсуге, өнерге жетілуге, еңбекке үйренуге баулыды. Журнал өзінің көркем тілі, түсінікті сөзі, бақытты өміріміздің сая алуан саласынан жазылған қызықты әдеби шығарма, мақалаларымен жастарды сүйсіндірді, пионерлер мен оқушылардың сүйікті әдебиетіне айналды. Журнал бұл дәстүрін байыта береді деп сенеміз.

«Қазақстан пионері» газетінің редакциясы.



ЕҢБЕК СҮЙГІШ БОЛЫП ӨСІҢДЕР!

Ахмет ДАУЫЛБАЕВ,
Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрі

«Пионер» журналының 10 жылдық мерекесімен құттықтап, оның бұдан былай да жемісті еңбек етуіне тілектестік білдіремін.

«Пионер» өзінің онжылдық өмірінде біздің жас жеткіншектерді патриотизм сезімінде, өздерінің социалистік тамаша Отаны үшін мақтаныш сезімінде тәрбиелеу жолында көптеген жұмыстар істеп келді.

Жас буындарды Ленин — Сталин идеясы рухында тәрбиелеуден асқан міндет жоқ. Журнал өз оқушыларын білімге және еңбек сүйгіштікке, өзі туған жерін, колхозын сүйуге, халық дәулетін сақтауға тәрбиелей беруіне тілектеспін.

Еңбек сүйгіш болып өсіңдер, жас достар!

МИЧУРИН ТУЫН БЕРІК УСТАҢДАР.

М. Д. ЗВЕРЕВ,
Балалар жазушысы.

Балалар, сендердің сүйікті журналдарың «Пионердің» 10 жылдық мерекесімен құттықтаймын. 10 жыл бойы журнал өзінің оқушыларына Қазақстанның бай табиғаты туралы білімді кең тарату ісіне үлкен көңіл бөліп келгендігін атап көрсеткім келеді.

Дарвин ғылымын жоғары сатыға көтерген Мичуриннің және оның шәкірттерінің аса бағалы еңбектерімен бұдан былай да «Пионер» өз оқушыларын үзбей таныстырып, Қазақстан табиғатын өскелең өмірдің тілегіне сай жаңарту ісіне белсене атсалысатын мичуриншілердің өсуіне көмек көрсете беруін тілеймін. Мичурин туын берік ұстандар, балалар!

МИЧУРИН ЖӘНЕ МИЧУРИНШІЛЕР



М. ЗВЕРЕВ

„Табиғаттан қайыр күте алмаймыз;
одан оны тартып алу—біздің міндетіміз“.

И. МИЧУРИН

Советтің қарапайым ғалымы И. В. Мичурин ондаған жыл бойы қатаң табиғатқа қарсы тамаша күрес жүргізді. Ол оңтүстіктің жемісті ағаштарын аяздан қорықпайтын, тәтті ірі жеміс беретін жаңа сортқа айналдырды. Қазір, соның арқасында Москва мен Ленинград аралығында жүзім өсетінін жұрттың бәрі біледі. Ол, ол ма сонау аязды Томекіде алма мен алмұрт шығады. Совет Одағының барлық терістік алқабында бау-бақша өсіру қолға алынды. Поляр шеңберінің қышқыл терістігінің өзінде бидай мен оwoщь егіле бастады.

И. В. Мичурин ғылымының ақыйхаттығы жөніндегі таластар ұзаққа созылды. Ең ақырында, мичуриншілер өсімдіктер мен хаюанаттарды адам тілегіне сай өзгертуге болатындығын бүкіл дүние жүзі алдында дәлелден шықты. Жаңа өсе бастаған кезінде өсімдіктер тіршілігінің жағдайын өзгерту арқылы ғалымдар онда адамға пайдалы жаңалықтар тудыра алатын болды. Бұл қасиеттер ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қала бермек.

Мичурин ғылымы арқасында жаратылыстағы бұрын табиғи сұрыптау ықпалымен кездейсоқ болып келген істің бәрін енді сапалылықпен жүзеге асыруға болады. Еіз енді өз қолымызбен өсімдіктер мен хаюанаттардың миллиондаған жыл бойы табиғат тудыра алмаған жаңа түрлерін жасай аламыз.

И. В. Мичурин Дарвин ғылымын жаңа сатыға көтерді. Табиғатты жаңарту үшін тамаша мүмкіншіліктердің жарқын жолы ашылды.

Табиғатты өзгертуші данышпан И. В. Мичурин ғылымының ақыйхаттығын академик Лысенко кәдімгі помидорларға тәжірибе жасау арқылы дәлелден шықты.

Тәжірибеге помидордың екі түрі алынды: оның бірі картоп жапрақты, қызыл жемісті, екіншісі — кәдімгі салалы жапрақты, дөңгелек сарғыш жемісті помидорлар еді. Мұның бірінші түрі өсіп тұрған кезде, екінші түрінің нәрі оған егілген, яғни картоп жапрақты, қызыл жемісті помидорға салалы жапрақты, сары жемісті помидордың нәрі-шырышы егілген.

Келесі жылы қызыл жемісті помидор тұқымынан салалы жапрақты помидор өсті. Ал, жемісінің түсі бір бұтаның өзінде әрі қызыл, әрі сарғыш болып шықты.

Бұл тәжірибеде өсімдіктер бір-біріне нәрін алмастырды, соның өзі сарғыш помидордың бойындағы белгілер тұқым қуалауына жеткілікті болды. Бұл тәжірибе арқалы Мичурин — Лысенко ғылымының жауларына соққы беріліп, жаңды дененің қай бөлшегінде болса да тұқым қуарлық қасиет бар екенін және бұл тұқым қуалауды адамның тілегіне сай жүргізуге болатындығын әбден айқын көрсетіп отыр.

Бізге Иван Владимирович Мичурин қалдырған мұра ұшан теңіз: өзінің жарты ғасырлық еңбегінде ол алманың, алмұрттың, шиең және басқа жемісті ағаштардың 300ден астам түрін шығарды. Ол бұрын өмірде болмаған, аты аталмаған жаңа өсімдіктер шығарды.

Бұрын терістік халқы, естігені болмаса, қызыл шиеңні көзімен көрмеген еді. Иван Владимирович кәдімгі шиемен қызыл шиеден, суыққа төзімді «терістік сәні» деп аталатын шие өсірді. Ол терістік өрігін және көптеген басқа бағалы өсімдіктерді қолдан жасады. Мичуриннің ғылымы арқасында жемісті ағаш өсіру бұрынғысынан терістікке қарай 1000 км. ауысты.

И. В. Мичурин өсімдіктер мен хаюанаттардың болмаған түрлерін жасауда ғылым мен тәжірибеге тіпті жаңа жол ашты.

Алманың терістік түрін де ұлы табиғатты өзгертуші И. В. Мичурин өсірді. Отанымыздың солтүстік аудандарындағы бақтарда бұдан бұрын жеміс өсіп көрмеген еді.

Терістіктің колхоздары мен совхоздарында қазір жеміс бақшалары кең өріс алып келеді.

Сибирьде жарты ғасырдан артық уақыт И. И. Давидович жұмыс істеп келеді. Бұл кісі — И. В. Мичуриннің қарт шәкірттерінің бірі. Оның Барнаулдағы және Новосибирск түбіндегі бақтарында бірнеше жаңа жеміс ағаштары егілген. Олар Сибирьдің сақымдаған сары аязына да төзімді.

Давидович шығарған Сибирь шиеңі мен өрігінің жаңа түрлері Сибирь бақтарынан орын тепті. Бұл да Сибирьдің қатаң табиғатын меңгерудегі бір кішіпейіл, еңбек сүйгіш мичуриншінің жеңісі.

1929 жылы көктемде егілген күздік бидай сол жы-

лы бас салғанда, Полтава облысындағы Карловка деревнясі адамдарының таңданбаған бірі қалмады.

Мұны істеген ол кездегі жас ғалым агроном Т. Д. Лысенко еді. Ол дүниеде тұңғыш рет яровизацияны қолданды. Оның мәлі тұқымды суға салып бөктіріп, тек соңал кейін ғана жерге себеді.

Мұндай тұқым қалың болып өседі, оның басы толық болып тез піседі.

Осы кезде яровизациялау (тұқымды бөктіріп егу) тәсілі колхозшының қайсысына болса да мәлім.

Бұл агротехникалық жаңа тәсілдің нәтижесінде еліміз жыл сайын сан миллион пұт қосымша астық алып келеді. Бұл әдіс бидайдың бағалы түрлерін терістік жаққа қарай жылжыта түседі.

Соңғы жылдарға дейін Сибирьде күздік бидай жоқ болып келді, себебі ол Сибирьдің ызғырық аязына төтеп бере алмайтын еді. Егілген бидай үсім кететін еді. Мұның себебі неде? Сибирьде күздік бидайды құртатын не? Бұған да академик Лысенконың тапқырлығы жауап берді.

Жаз бен күзде жыртылған жұмсақ жер ығалды бойына көп жыйнайды. Қысты күні дымқыл топырақ тонып қалаты да, мұздаққа айналады. Ал, су қатқанда көлем жағынан ұлғаятыны да мәлім. Соның салдарынан жердің үстіңгі қабаты жан-жаққа қарай жарылып, бидайдың тамырын жұлып кетеді. Бұл бір себеп.


Екінші себеп, қысқы соққан үскірік жел мен аяз қатырған жапрақты сындырып кетеді. Соның нәтижесінде көктем шыққанда егістің нашар, мардымсыздығы байқалады.

Онда бұған қарсы қолданатын шара қапдай? Мұны да батыл ғалым Лысенко тапты. Ол күздік бидайды күздің өзінде жаңадан жыртылған аңызға егуді ұсынды. Өйткені аңызға су кем жыйналады, әрі жарылмайды. Қыста қар да көп тоқтайды. Егіс зақымданбайды. Егін шығымдылығы әлде қайда артады.

Мичурин мен Лысенконың шәкірттері Қазақстанда да, Сибирьде де, Украинада да — бүкіл Совет Одағында жұмыс істейді. Колхоздар мен совхоздар зор көлемде көптеген тәжірибе жұмысын жүргізеді.

Мысалға, Алматының жанындағы «Плант» колхозын алайық: Бұл колхоздың бір көшесі көптен бері-ақ Мичурин көшесі делінеді. Осы көшенің бойы көз тұндырған алма бары. Мичуринші-колхозшылардың өздері шығарған алманың жаңа 14 түрі осы бақтарында өседі.

Колхозшы-мичуринші Хлебоборов бидайдың бағалы қатаң түрін ойлап шығарды. Оның бидайы гектарынан 35 центнерден өнім береді. Колхозшылар қазір жүздеген гектар жерге сол бидайдың тұқымын егін жүр.



Былтырғы күз күндерінде қатты аяздар болардың алдында колхозшылар мың гектардай жерге күздік бидай екті. Қыс бойы тұқым тоң болып қатқан жерде жатады, ал ол көктем күндерінде адамның көмегісіз-ақ яровизация сатысынан өтеді. Мұндай егін ерте пісіп, мол өнім бермек.

Арамшөптің бірі — бидайық. Ол — егіс даласының бір соры. Тамыры әлде неше метр тереңдікте, жан-жаққа созылған бұл арамшөпті жұлып тауысу қайда?! Бұл кәдімгі ертегідегі басын кессең, орнына үш бас пайда болатын жалмауыз сыяқты, жұлынған бір сабағының орнына бірнеше жаңа сабақ шығады.

Омбы агрономы Цицын бидай мен бидайықты қосып, бидайдың жаңа түрін шығарды. Ол дәнімен бидайға, көп жылдығы және күй талғамайтындығымен бидайыққа ұқсайды. Егін шығымдылығын кемітіп келген арам шөпті, сөйтіп, батыл мичуринші Цицын бидай егісін жақсарту жолына пайдалана білді.

Мақтаның плантациясына көз салсаң, жаңа жауған қардай аспақ болады. Мақта ерте заманнан бері өсіріліп келеді. Совет ғалымдары мақтаның да әртүсті түрлерін: ақшыл қызыл талшықты, жасыл талшықты, қызыл-қоңыр талшықты мақта өсіріп отыр. С. С. Каниш мақтаның жүндес түрін шығарды, оның талшығында жүннің кейбір қасиеттері бар.

Қазақстанның оңтүстігіндегі Пахта-арал совхозында таңғажайып бір тәжірибе жүргізілді: бұл жерде қыста бидай егісі егілді. Жаңа көктем келе жатқан егісті қар басып қалды, ол қара жерді дымқылдыққа бөлеп артынан тағы еріп кетті. Егіс бой көрсетіп өсіп беки берді. Қыс бойы осылай өсу бірнеше қайталанды. Сөйтіп көктемде қысқы егін жыйналды. Сонымен түстіктегі егіншіліктің бір жаңалығы ашылды.


Совет Одағында өсімдіктің 20.000-ға тарта түрі бар деп есептеледі, бірақ, халық шаруашылығында пайдалана алатыны, қолданылатыны бір проценті ғана, яғни 250-ден аспайды.

Мичурин—Лысенко ғылымы табиғатты жаңартуды және өсімдіктер мен хайванаттар дүниесін өзгерту жолында тамаша мүмкіншілік ашып отыр.

Ол мыңдаған колхозшылардың — тәжірибешілердің, атақты Ефремовтардың, Мальцевтардың және Мичурин — Лысенко шәкірттерінің еңбегіне көз салыңдаршы. Бұл армия — табиғатты жеңе беретіндігіміздің кепілі, айғағы. Бұл армия қала мен деревня арасындағы шекті жоққа шығарып, жойтып, өткен заманның шала сауатты, артта қалған шаруа бейнесінің орнын колхозшы-интеллигенттің тамаша бейнесі алып келе жатқандығын дәлелдейді.


Бұл адамдар — ертеңгі коммунизм адамдары!





Доцент М. М. МАРКОВИЧ,

Физика-математика ғылымдарының кандидаты.



Біздің алып генераторларымыз елімізге электр қуатын көптеп беруде. Ол қуат халық шаруашылығының барлық салаларында (фабрик пен заводтарда, пәтәр-үй мен кеңселерде т. б.) кеңінен пайдаланылады.



Нажсағайда да электр қуаты болады. Ол көптеген жағдайда адам өміріне зиян келтіреді. Міне, нажсағайдың осы зиянын жоққа шығару үшін жайтартарлар қолданылады.

Физика — біздің заманымыздағы аса маңызды ғылымдардың бірі болып саналады. Табиғатты, жаратылыс құбылыстарын танып-білуде физиканың адам баласына көрсететін көмегі аса зор. Қазіргі ғылымдардың көбісі физиканың заңдары мен ережелеріне негізделген.

Физика деген сөз гректің «фюзис» деген сөзінен шыққан. Бұл қазақша «табиғат» деген сөз. Ерте заманда адамдар табиғат жайындағы белгілі мәліметтердің барлығын да «физика» деп атаған. Сол мәліметтердің жыйынтығынан табиғат жайындағы ғылым — физика ғылымы шыққан.

Табиғатта түрліше заттар өте көп. Біздің сезім мүшелерімізге әсер ететін заттарды физика тілінде физикалық дене деп атайды. Біз айналамыздағы физикалық денелерді қадағалап бақыласақ, олардың әртүрлі өзгерістерге ұшырайтынын оп-оңай байқаймыз. Егер жылы үйге даладан қар әкелсек, ол ериді. Шәйнектегі суды жылыта берсек, ол қайнайды, егер көп қайнатсақ, оның бәрі буға айналып кетеді. Қолымыздағы тасты тастап жіберсек, ол барып жерге түседі. Жаратылыста да, барлық жерде өзгеріс болып отырады. Осы физикалық денелерде болатын барлық өзгерістер құбылыс деп аталады. Міне, осы құбылыстардың мән-жайын толық түсініп, жақсы білу үшін физика ғылымын білу хажет болады.

Табиғатта кездесетін құбылыстардың түрі өте көп. Сөйтседе оларды шартты түрде екіге бөлуге болады. Кейбір құбылыстар (тастың түсуі, шамның жануы, күннің шығуы) өлі табиғатта, кейбір құбылыстар тірі табиғатта (жануарлар мен өсімдіктер организмдерінде) кездеседі. Физика, көбінесе, өлі табиғатта болатын құбылыстарды тексереді.

Физика табиғатта кездесетін түрлі құбылыстарды зерттеп, олардың арасындағы байланыстарын табады, түрлі құбылыстардың қалай болатынын, оның себебі не екенін түсіндіреді; бұдан алған білімді іс жүзінде қалай пайдалану керек екендігін үйретеді. Физика ғылымының табыстары басқа жаратылыс тану ғылымдары мен техникада да пайдаланылады.

Физика адам баласының тұрмысына аса керекті ғылым. Әсресе, ол инженерлерге, механиктерге, конструкторларға өте хажет. Физиканың заңдарын білмейінше, тіпті жабайы машинаның өзін де жасауға болмайды. Физика тек техникада ғана қолданылып қоймайды. Бұл ғылымды ғалымдардың лабораториясынан да, дәрігерлердің кабинеттерінен де, фотографтардың мастерскойларынан да кездестіруге болады.

Физика ғылымының көмегі арқасында адам баласы әлем тарихын есептеп шығарды, планеталар мен жұлдыздардың

неден тұратындығын білді. Физика адам баласына атом қуатын ашуға да көмектесті.

Басқа ғылымдар сыяқты физика да бірден пайда бола қойған жоқ, және оны бір адам ойлап тапқан жоқ. Адам баласы ғасырлар бойы түрліше табиғат құбылысы жайындағы өздерінің мәліметтерін қорыта келіп, қазіргі бай физика ғылымын тудырды.


Ерте заманда адам баласы жүннен тоқылған матаға үйкелген янтар таяқтың ұсақ заттарды өзіне тартатынын байқаған. Бұл электр туралы алғашқы ұғым болды. Арада көп жылдар өткеннен кейін дөңгелек шыныдан бірінші электр машинасы жасалып шықты. Ол шұғаға немесе аң терісіне үйкеліп барып, электр қуатын берді. Бұл әрі жабайы, әрі икемсіз машина электрдің бірінші көзі, әрі осы күнгі қуатты генераторлардың атасы болып саналады.

Физика ғылымының тарихында адам баласының табиғат құбылыстарын білу және оны меңгеру жолындағы күресін баяндайтын көптеген қызық уақығалар мен әңгімелер бар. Бұларға қарағанда, адам баласы табиғатты тек өзінің ақыл-ойы, қажырлылығы және байқампаздығы арқасында ғана танып да, меңгере де алғанға ұқсайды. Барлық физикалық ұлы жаңалықтар адам баласының дүниені байқағыштығы және көптеген тәжірибелер жасауы арқасында ғана ашылған. Мысалы: атақты Архимед моншада шомылып отырып, Архимед заңы деп аталатын атақты заңын ашқан. Бұл заң бойынша сұйыққа батырылған дене өзінің көлеміне тең сұйықтықты ығыстырады; Исаак Ньютон бақшада отырып, алманың жерге тіке топ етіп түсуінен жердің тартылыс заңын ашады, Галилей төбеде ілулі тұрған аспалы шамның теңселуін байқап отырып, маятник заңын ойлап табады. Алғашқы бұмен жүретін машина жасау туралы пікір оны ойлап тапқан адамның ойына қайнап тұрған шәйнектен көтерілген будың шәйнек қақпағын селкілдеткенін көргендіктен келген. Орыс авиациясының атасы — Н. Е. Жуковский самолет конструкциясы жөніндегі өзінің теорияларын құстардың ұшуын бақылай жүріп толықтырған.



Физика өзге ғылымдардан қол үзген оқшау, дара ғылым емес. Ол басқа да ғылымдармен тығыз байланысты. Сондықтан да, физиканы білу үшін оған ұқсас басқа да пәндерді жақсы түсіну керек. Әсресе, математика пәнін жақсы білу хажет болады. Өйткені физиканың негізгі заңдары математиканың әрі қысқа, әрі дәл тілімен — формулалармен белгіленді. Барлық физикалық тәжірибелердің нәтижелері мен теориялар математикалық есепке әкеліп соғады.

Физика техникалық ғылымдармен де тығыз байланысты. Барлық техника физика ғылымының табыстарына негізделген деуге болады. Заводтардағы станоктардың жұмысы, водопровод, самолет, кеме, паровоз, телефон, радио — осы сыяқты техника табыстарының бәрі физиканың тапқан жаңалықтарына негізделген.

Біздің елімізде, социализм елінде, физиканың маңызы өте зор. Совет елінің еңбекшілері ғылыммен және ғылым тудырған жаңа техникамен қаруланып, ДнепроГЭСі, Ертіс-ГЭСі, Магнитогорскіні, Балқашты және басқа да толып жатқан автомобиль, машина, трактор жасап шығаратын алып заводтарды салды. Физика ғылымының бұл құрылыстарға сіңірген еңбегі аз емес.



Буда да күш бар. Ол күшті механикалық күшке айналдырып, үлкен машиналарды жүргізуге болады. Паровоз, пароход т. б. будың күшімен жүреді.



Адам баласы блокты пайдаланып аса ауыр жүкті жоғары көтереді. Физиканың бұл заңы қазіргі қуатты көтергіш крандарға негіз болды.



БІЗДІҢ ПОЧТА



СЪЕЗГЕ
СЫЙАҒЫМЫЗ

Біздің дружина Совет Одағының Батыры атағын үш рет алған Александр Покрышкиннің атымен аталады. Онда бұрын он отряд бар еді. Жуырда он бірінші отряд қосылды. Ол былай болды:

Өткен жылғы декабрьдің аяқ кезі еді. Сабақтап соң дружина жыйыны болды. Жыйында бір топ октябрияттарды пионер қатарына алып, мойындарына қызыл галстук байлады. Міне, осылардан он бірінші отряд құрылды. Осы жыйында 29 үлгілі пионерді комсомол қатарына ұсындық. Олардың ішінде бірінші отряд советінің председателі Евграфов, дружина советінің мүшелері Бербравер, Глаголовский және звено вожатыйы Габин бар.

Жыйында дружинаның алдағы жұмыс жоспарымен де таныстық. Онда қысқы демалысты қалай өткізу туралы да айтылған. Демалыс күндері кино, театрға бірлесіп баратын болдық. Бізде шаңғышылар

тобы Каскелец ауданының колхоздарына барып, колхозшыларға ойын көрсетеді. Колхоз пионерлерінің тұрмысымен танысады. Шаңғышылар командасын Борис Шильев басқарады.

Драма үйірмесі Қазақстан большевиктерінің IV съезі мен БЛКЖОның XI съезі хұрметіне жазушы М. Светловтың «Жыйырма жылдан соң» деген комсомол, жастар туралы пьесасын дайындап жатыр. Шахматшылар үйірмесі өздерінің турнирін өткізбек. Оған дружинамыздағы 14 үздік жас шахматшыларымыз қатысады. Ал, Саша Голяк, Гели Цхай, Ким Резник сыяқты талапты жас шахматшыларымыз қалайық турнирге қатысады.

Ленин комсомолының тарихын мазмұндайтын «Комсомол азамат соғысында», «Комсомол бейбітшілік кұрылысында», «Комсомол Ұлы Отан соғысында» деген фото-сурет көрмесін дайындап жатырмыз. Бұл кінкентай көрмені жас суретшілер Юрий Глоголовский, Виктор Галкин, Виктор Рыбалченко басқарып, ұйымдастырып жүр. Дружинаның өз радиоузелі бар. Оны Олег Антопенко мен Виктор Рыбалченко басқарады. Радио арқылы батыр комсомолдар Александр Матрсов, Лиза Чайкина, Зоя Космодемьянская, Олег

Коптевой, Мәшүк Мәметова туралы әңгімелер және өлеңдер береміз. Жақсы әншілеріміз Ларик Аваносов композитор Соловьев - Седойдың «Комсомол әні» және «Чапаяев» деген әндерді орындайды. Виктор Тихонов пен Байко аккардионда өте жақсы ойнайды. Мереке күні олар «Амур вальсі», «Қазақ вальсі» орындап беретін болды.

Қазақстан большевиктерінің IV съезі ашылуы дружина пионерлері асыға күтуде. Ол күні пионерлік сәлем жолдау — біздің ардақты міндетіміз. Съезді күттықтап, сәлем жолдау үшін біз, ең алдымен, большевиктерге жақсы оқуымыз керек. Дружина пионерлері осы үлкен міндетті орындау үшін бар ынтасын салады.

Бүкілодақтық Ленин комсомолының XI съезі қарсаңында пионер дружинасы тағы да таңдаулы пионерлерін комсомол қатарына ұсынады. Сол сыяқты, бұл тарихи күндері пионер дружинасы октябрияттардан өз қатарын өсіреді. Сөйтіп, Ленин комсомолының тілектес жеткіншектері қаулап өсе беретіндігін біз өз дружинамыздың ісі мен де көрсетпекпіз.

Дружина советінің председателі

Анатолий АГАФОНОВ,

Алматы, 28-ербалалар мектебі.



ТУРНИКТЕ
ОЙНАУДЫ
ҮЙРЕНДІМ

Алғашқы кезде турникте асылып, әртүрлі жаттығулар жасал тұрған

достарымды көргенде, менің бойымды қорқыныш сезімі билейтін еді. Әсіресе, бір қолыммен ұстап тұрып, бүкіл денесімен турникті шырқ көбелек айналған баланы көрсем басым айналушы еді. «Басы айналып, құлап қалмас па екен?» деп ойлап тұратынымын. Кейіннен ойласам мұның бәрі бекер екен.

Быйылғы жылы мен де бірте-бірте турникте ойнауға әуестене бастадым. Алғашқы күндері бірнеше

рет жоғары көтеріліп көрдім. Ештеңе айналдым да. Бұл мені турникке қызықтыра түсті. Қазір мен өз бетіммен турникте бірнеше жаттығулар жасайтын болдым.

Мен бұдан былай да турникке ойнауды үйреніп, өзімнің спорт өнерімді арттыра беремін.

Арыстанбек ІРГЕБАЕВ,

Оңтүстік Қазақстан облысы, Шәуілдір ауданы, Байылдыр бастауыш мектебі.



ПИОНЕРЛАРДЫҢ
ҚЫРАҒЫЛЫҒЫ

Жақында «Құсшы» колхозының мүшесі Зылиха Пәшеваның қорада тұрған сыйыры басжібін үзін, қалта кетеді. Оның соңынан басжібін сүйретіп бұзауы да бірге шығады. Бірақ біраздан соң сыйыр қораға қайта кіреді де, бұзау енесінен адасып қалады. Бұзау олай-бұлай

шауып жүрін бір шұқырға түсіп кетеді. Содан қайта шыға алмайды.

Колхозшы Пәшева ертемен тұрып бұзауын іздейді. Ол ашпаған есік, қірмеген қора қалмайды. Ферма малдарын да, жеке меншіктегі малдарды да аралайды, бірақ бұзауын таба алмайды.

Колхозшы енді не істерін білмей дағдарып тұрғанда, оған көмекке мектеп оқушылары келді.

Балалар көп ойлап тұрмады, топ-топқа бөлініп, жоғалған бұзауды іздеуге кірісті. Көп қоя ма? Олар бір шұқырдан, түсіп кетіп, шыға

алмай тұрған бұзауды тауып алды. Бәрі жыйналып оны шұқырдан шығарып алып, енесінің үйіне алып келді. Аман-есен табылған бұзауын көргенде, Зылиха апай қатты қуанды.

— Алда, қарақтарым-ай, көп жасап, көсегелерін көгергір-ай! — деген сөздің аузынан қалай шыққанын ол өзі де сезбей қалды.

Жандарбек ДОСБӨЛОВ,

Оңтүстік Қазақстан облысы,
Фрунзе ауданы, «Құсшы» колхозы.



БІЗДІҢ
БЫЙЫЛҒЫ
ЖОСПАРЫМЫЗ

Былыр біздің мектептің оқушылары шаңғымен Алматы қаласынан Талғар, Есік және Түргенге жорыққа аттанған еді. Жорықты мектебіміздің ысымған шаңғышысы Самат Абдразақов басқарған болатын.

Жас шаңғышылар Алматы, Іле және Еңбекшіқазақ аудандарының көптеген колхоздарында болып, кол-

хозшылар арасында еңбекшілер депутаттары жергілікті советтерінің сайлауы туралы үгіт-көшілік жұмыстарын жүргізді. Колхозшылар бұларды зор ықыласпен қарсы алды. Олардың сайлау туралы айтқан әңгімелерін асқан ынтамен тыңдады. Бұлардың тағы да келуін, ойын-сауық қойып беріп тұруын сұрады. Сонда жас шаңғышылар жорығын басқарушы Самат Абдразақов оларға:

— Хұрметті колхозшылар, біз сіздердің тілектеріңізді орындауға әрқашан дайынбыз. Келер жылы тағы да келеміз, — деген болатын.

Міне, быйыл қыс қайта келді, қар қайтадан жауды. Және 1949


жылдың февраль айында Бүкілодақтық Ленинді Коммунист Жастар Одағының XI съезі болмақ. Міне, осыған байланысты біздің мектептің оқушылары мен пионерлері тағы да шаңғы жорығына шығады. Бұл жолы да олар Алматы, Еңбекшіқазақ және Іле аудандарының көптеген колхоздарында болып, еңбекшілер арасында БЛКЖОның XI съезі туралы, оған татымды сыйлықтар әзірлеу жайында үгіт-көшілік жұмыстарын жүргізеді және колхозшыларға ойын-сауық қойып береді.

Аға вожатый **Н. МЕРЕКЕЕВ,**
Алматы, 18-ербалалар орта мектебі.

Түлкібастағы 45-орта мектептің оқушысы жас скульптор **Володя МАЩЕНКО** БЛКЖОның XI съезіне сыйлық әзірледі.

Суретте: **Ф. ЭНГЕЛЬС** пен **В. ЛЕНИН**нің **В. Мащенко** жасаған бюсттері және **И. СТАЛИН** мен **М. КАЛИНИН**нің баральефтері.

Суретті түсірген **А. МИРОНОВ.**



Пионер жаңалықтары

(Комсомолдың XI—съезіне тартулар)



Менің пікірім бойынша...

ҚАЗАЛЫ. Теміржол мектебінің пионер дружинасы жыйынында Сейсембі Оразғалиев БЛКЖО ның XI съезі хұрметіне станцияның таңдаулы стахановшыларының табыстарына арналған альбом әзірлейік деп ұсыныс жасады. Жас фотомен әуестенушілер үйірмесі паровозшыларды, машиналарды, — бесжылдық жоспарды орындау және асыра орындау жолындағы озат комсомолецтерді суретке түсіре бастады. Жас суретшілер ойлаған суреттерін салуға кірісті. Альбом Москваға жіберілмек.

ТАЛДЫҚОРҒАН. «Социалистік Қазақстан» колхозындағы (Андреев ауданы) мол өнімші пионер звенолары өткен жылы бидайдан көп өнім алды. Олар орта есеппен әр гектардан 160 пұттан астық алды. Қазір пионер дружинасының тілегі бойынша, мектепте агротехникалық үйірме жұмыс істейді. Үйірмені агроном Сергей Петрович Ротный басқарады.

Үйірме республика мичуриншілері шығарған бидайдың жаңа түрлерін зерттеп жүр. Үйірме мүшелері, мұнымен қатар, күл мен жергілікті тыңайтқыштар қорын жыйнауда.

Жаңа жыл уәдесі

Келді Райхан, жүзі жайпап
Мектебінен
Бетінде нұр, төгіліп сыр
Жүрегінен,
Қуанады, тасады.
Ол асыға, мамасына
Дәптерінің
Өткен оқып, ойға тоқып
Күндерінің
Ақтарады, ашады:
Барлық бетін — ой ниетін
Жарты жылдық.
Біз отырған, үй толы жан
Қарай қалдық,
Ынталана, балаша.
— Әкел, кәне, «бес» қой әне,
— Қайсысынан?
— Есеп пен тіл... Бұл бет «бес» кіл
Барлығынан.
Кілең ғана тамаша!
Келер бетте, соңғы шетте
«Төмен» баға.
Таңырқады, ұнамады
Бұл анаға,
Басын шайқап
Қалды ол.
— Секілді ән сурет те пән,
Бұл неге «төрт»?
— Жаңа жылда, тында мама:
Түзетем, серт!
Тегіс «бес» ап, уәдем сол!
Ә. Нұршаихов.

Пионер журналының 10 жылдық мерекесі — бізге үлкен қуаныш.

Өйткені «Пионер» — біздің әрі құрдасымыз, әрі ақылшымыз. Біз бұл журналды оқып, көп сырды біліп, көп нәрсеге түсіндік. Журнал бетінде бізге батыр әке-шешелеріміздің орнын басатын адамдар болып тәрбиеленуге көмектесетін шығармалар аз емес. Бірақ, журналда ірі жазушыларымыздың балаларға арналған, жаңа өмір тақырыбына жазылған шығармалары өте аз. Сондықтан ірі жазушыларымыздың бұдан былай балалардан қаламының ұшы аямауын сұраймыз. Олардан тілі әрі жеңіл, әрі көркем шығармалар күтөміз.

Жанғали Меймандосов, Төлеген
Төкбергенов, Мырзабек Атепов,
Светлана Султанова.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған орта мектебі. Павлик Морозов атындағы дружинаның екінші және үшінші отрядтар советінің председателдері мен пионерлері.

Мектеп оқушылары мен пионерлері сабақты жақсы және өте жақсы оқуға ұмтылумен қатар өздерінің бос уақыттарын көңілді, ойын-сауықтармен өткізгісі келеді. Бұл тілекті орындауда мектеп драма үйірмесі үлкен орын алады. Бірақ осы уақытқа дейін қазақ тілінде мектеп сахнасына арналған пьесалар жоқтың қасы. Сондықтан «Пионер» журналы бұдан былай балаларды еңбек сүйгіштікке, білімге кұмарлыққа, Отанды сүйе білуге тәрбиелейтін балалар пьесаларын үзбей басып тұрса екен деген тілек білдіремін.

Тендік МАСАЛИМОВА,

Шығыс Қазақстан облысы, Қатон Қарағай ауданы, Шыңғыстай орта мектебінің IX класс оқушысы.

Мен «Пионер» журналын Ұлы Отан соғысынан кейін үзбей оқып келемін.

Маған ой салдырған шығармалар толып жатыр. Солардың бірі жазушы Л. Пантелеевтің «Уәде» атты әңгімесі. Бұл шығарма бізді шыншылдыққа, айтқан аңтты, берген сертті берік ұстап, өліп кетсеңде орындауға, табанды болып өсуге баулайды. Міне осындай әрі қызық, әрі өнегелі шығармалардың көп жазылуын тілеймін.

Халық фольклорының асыл мұралары: ертегі, аңыз, мақал-мәтелдер журнал бетінде аз басылады. Редакция осыны ескерсе екен.

Серін Жақсыбаев,

Павлодар қаласы, Абай атындағы 10 қазақ орта мектебінің VII класс оқушысы.

Біз, оқушы пионерлер өзіміздің туған еліміздің ішкі өмірін, сталиндік жаңа бесжылдықта Отанымыздың күннен-күнге өсіп келе жатқанын қандай қадағалап отырып, білгіміз келсе, шетелдердегі болып жатқан өзгерістерді, ондағы жастардың, балалардың халін сондай білгіміз келеді. Бұл бізге совет қоғамының капиталистік қоғамнан артықшылығын танытады, біздің мақтаныш сезімімізді өсіреді.

Сондықтан журналдың бетінде шетелдердің правосыз жастарының тұрмысынан шығармалар жазылуын тілеймін.

Бұдан былай журнал жұмысына өзімнің салған түрлі суреттерімді жіберіп, ат салысып тұрмақшымын.

Хали Арыстанғалиев,

Гурьев облысы, Құлсары өндірісі, Абай орта мектебінің X класс оқушысы

ЗВЕНО ЖҰМЫСЫН ҚАЛАЙ ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕРЕК

Бүкіл дружинаның, отрядтың жұмысы пионер звеносының жұмысына байланысты. Звено — әр пионердің ойын, тілегін, мінезін айқындайтын пионерлердің ең шағын коллективі.

Звено жұмысын сол звено жыйынында сайланған звено вожатыйы басқарады. Звено вожатыйлығына жұмысты қызықты ұйымдастыра алатын, әр пионерлерді жұмысқа белсенді қатыстыра білетін іскер, инициативті пионер сайлануы тиіс.

Звено жұмысын дұрыс ұйымдастыру үшін, звенонның бір айлық жұмыс жоспары жасалады. Жұмыс жоспарын жасауға звенонның барлық пионерлері қатыстырылып, балалардың осы ай ішінде істемек болған жұмыстарының бәрі көрсетіледі. Звено жұмысының негізгі түрі — жыйын өткізіп отыру. Ол жыйын кемінде он күнде бір өткізілуі тиіс. Әдетте, звено жыйыны сабақтың артынан біраз уақыт өткен соң өткізіледі. Оның себебі, пионерлер сабақтан кейін біраз тынығып қайтуы керек. Егер звено кітап оқуға немесе серуенге шығуға, музейге баруға, ойындар өткізуге жыйналмақ болса, осының бәрі звено жыйыны болып өтеді.

Звенонның әр жыйынына алдынала дайындық жұмысын өткізу керек. Мысалы, звено шаңғы жорығына шығып, колхозға барып қайтмақ болды, делік. Бұл үшін звено вожатыйы әуелі колхозбен келісуі қажет. Онда колхозшылармен қай сағатта кездесуге дейін анықтап алған жақсы. Ал, жорыққа керекті нәрсенің бәрі жыйында анықтап алып, колхозға барғанда не

көрсететінін белгілеу керек. Міне, жыйынға осылай дайындалғанда ғана, ол нәтижелі болып шығады.

Алматының № 8 мектебінде оқыйтын Тамара Ложкина «Нағыз адам туралы повесть» картинасына арналған жыйын өткізді. Звено пионерлері картинаны көргеннен кейін звено вожатыйы оларды жыйынап, ол жыйынға орыс тілі мұғаліміп шақырған. Әркім пікір айтқанда, мұғалім олардың пікірлерінің қате жерін түзетіп, кемшілігін толықтырып отырған. Жыйынның қортындысында мұғалім повестегі оқыйғаның бәрі картинада көрсетудің қажеттіні жоқтығын түсіндіріп берген. Жыйынға қатысқан пионерлердің бәрі риза болып тараған.

Көкшетау облысындағы Краснояр жетіжылдық мектебінің звено вожатыйы Лев Никитин Шегелек өзенінің тарихын зерттеуге арналған жыйын өткізді. Пионерлер жыйыннан бұрын қарттармен әңгімелесіп, көп нәрселерге қанықты. Өзеннің жағасына шығатын өсімдіктердің түрлерін жыйынады. Күнделік дәптер жасап, ел аузынан есіткендерін жазды. Осыдан кейін өткізілген жыйын әрі қызықты, әрі нәтижелі болды.

Звено жыйынын өткізерде звено вожатыйы звено мүшелерімен ақылдасып алуы керек. Отряд вожатыйы да звено вожатыйының жыйынды жақсы өткізуіне көмектесуге міндетті. Жыйын пионерлердің патриоттық сезімін арттыруға, отанды сүйіп күшейтуге ерекше көңіл бөлуі тиіс. Звено пионерлерінің ұйымдасып серуенге шығуы, бірлесіп кітап оқуы осы нысанаға бағытталады. Звено мүлкі болып есептелінетін альбомдарь, макеттер, қыйынды-құрандылары, шаңғылар, ойын аспаптары пионер бөлмесінде немесе класс шкафында сақталады.

Дружина, отряд жұмыстарының жақсы болуы звено жұмысының сапалы жүруіне байланысты. Сондықтан әр звено вожатыйы звено мүшелерімен тығыз байланысып, өз жұмысын дұрыс ұйымдастыруы тиіс.

Мектептің аға вожатыйы мен комсомол ұйымы звено вожатыйларының жұмысын дұрыс ұйымдастыруына ұдайы көмектесуі тиіс. Олар звено вожатыйларының семинарын шақырып, звенолардың жұмыс тәжірибелерін ортаға салуға, жақсы тәжірибені ауыстырып отыруға міндетті. Міне, жұмыс осылай жүргізілгенде ғана звенолардың жыйыны қызықты болып, пионерлерді коммунистік рухта тәрбиелеуге көмектеседі.

Л. Колпашникова,

ҚЛКЖО Орталық Комитеті пионерлер бөлімі меңгерушісінің орынбасары.



12-қызбалалар орта мектебінің бай кітапханасы бар. Суретте: Кітапхана меңгерушісі М. А. Строкова оқушылар Алма ҰБРАЕВА, Зейнеп СЕЙЛОВА, Сағима СМАҒҰЛОВА және Шарбан ҚУМАРОВАҒА кітап беріп тұр. Суретті түсірген П. РЕДЬКО.



Оқушыларымыздың
сұрауларына
жауап

**БІРІНШІ ТРАКТОРДЫ КІМ ЖӘНЕ ҚАШАН
ЖАСАДЫ?**

Павлодар облысы, Цюруппа ауданы, Маралды орталау мектебінің оқушысы **ӘНУАР ҚАЛАБАЕВТЫҢ** сұрауына жауап.

1880 жылы «Саратовская летопись» атты газет бетіне Вольск деген қаладан: «Отызыншы декабрь. Механик Блинов ойлап тапқан шынжыр тәріздес, шексіз рельспен жүретін машинаның көпшілік тәжірибесіне түсуі» деген хабар жарияланды.

Бұл таңғажайып машина қала жұртшылығын қайран қалдырды. Өйткені ол әдеттегідей дөңгелекпен емес, қысқа кіндікке оралған шынжыр арқылы жүрді. Оның үстіне ол батпақты-сазды және кедір-бұдырлы жерлерді де елең қылмай, іркілмей еркін қозғалды.

Бұл дүние жүзінде бірінші рет жасалып шыққан жыланбауыр (гусеничный) трактор еді. Оны ойлап тапқан Волга бойындағы қарапайым орыс шаруасы Федор Блинов. Оның бұл машинаны жасап шығарудағы мақсаты: шаруалар жұмысын жеңілдету болатын.

Федор Блинов осы ойлап тапқан машинасын (өзінің сөзімен айтқанда «Самоходын») Нижний-Новгород (қазіргі Горький) қаласында болған Бү-

кіроссиялық көрмеге апарды. Көрме комиссиясы Блиновқа сыйлыққа бронзодан жасалған медаль береді. Бірақ оның ойлап тапқан машинасын жұмысқа жарамсыз деп тауып, тек мереке күндеріндегі ермек деп санайды. Сөйтіп патшалық Россия дарынды Блиновтың ойлап тапқан машинасын ескерусіз қалдырды, кейіннен ұмытып та кетті.

Тек арада 30 жыл өткен соң, 1912 жылы ғана, Американың «Холт» дейтін фирмасы бірінші рет жыланбауыр трактор жасап шығарды. Сөйтіп арсыз америкалық алпауыттар трактор жасау жөніндегі бірінші орынды өздеріне иемденіп алды.

Бірақ біздің еліміз өзінің — тракторды бірінші рет жасап шығарушы ел екендігін ұмытқан жоқ. Қазір біздің елімізде трактор жасайтын Сталинград, Харьков, Челябі, Алтай тағы басқа көптеген заводтарымыз бар. Олар сапасы жағынан дүние жүзінде ең жақсы деп саналатын СТЗ, ХТЗ, ЧТЗ атты тракторларды көптеп жасап шығаруда.

**«ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫ» КІМ ЖӘНЕ
ҚАШАН ЖАЗДЫ?**

Қарағанды облысы, Нура ауданы, қазақ орта мектебінің оқушысы **МАҚСҰТ САДУАҚАСОВТЫҢ** сұрауына жауап.

1888 жылы июнь айының аяқ шенінде, Францияның Лилль деген кішкене қаласында газетшілер одағының ұйымдастыруымен мереке өткізілді. Осы мерекеде халықаралық пролетариат гимні «Интернационал» тұңғыш рет ойналды. Оны жұмысшылардан ұйымдастырылған хор үйірмесі орындады. Лилльде өткізілген мерекеден кейін «Интернационал» Франция жұртшылығы арасына кеңінен тарай бастайды. Кейіннен ол бүкіл жержүзі еңбекшілерінің революциялық гимніне айналды. Бұл қаһарлы, әрі әсерлі гимннің үні астында барлық елдердің пролетарлары капитализмге, барлық қанаушы таптарға қарсы, социализм мен коммунизмнің жеңісі үшін күреске аттанды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін «Интернационал» Со-

вет елінің гимніне айналды. Қазір «Интернационал» Бүкілодақтық Коммунист (большевиктер) Партиясының гимні болып саналады.

«Интернационал» гимнінің сөзін жазған француздың пролетар ақыны Эжен Потье. Ол Париж Коммунасына белсене қатысқан, баррикадаларда ерлікпен күрескен жауынгер жұмысшы ақын. Э. Потье «Интернационалды» Коммуна құлағаннан кейін кешікпей жазған. Ал, 1888 жылы Пьер Дегейтер сол өлеңді тауып алып, оған музыка жазады. Дегейтер 1848 жылы 8 октябрь күні туған, музыкалық қаблеті күшті адам болған, жасынан-ақ революциялық қозғалыстарға белсене қатысқан. Ол 1932 жылы сентябрь айында Францияда қайтыс болды.

**ВИСКОС ЖЫЛЫ
ДЕГЕН НЕ?**

Ақмола қаласы, 5-қызбалалар мектебінің оқушысы **ХАНЗИФА ЖӘКЕЕВАНЫҢ** сұрауына жауап.


Жердің өз кіндігінен айналумен қатар, күнді де айнала қозғалатынын бәріміз де жақсы білеміз. Жердің өз кіндігінен айналуынан таңертең, түс, кеш, түн пайда болса, ал, оның күнді айналуынан көктем, жаз, күз, қыс пайда болады. Жер өз кіндігінен 24 сағат ішінде айналып шығады. Астрономия бұл уақытты бір тәулік деп атайды. Ал күнді 365 күн 5 сағат 48 минут 46 секундте ғана айналып шығады. Астрономдар бұл мерзімді тропикалық жыл деп атайды.

Ертедегі египеттіктер бір жыл есебіне 365 күнді алды. Сонда жыл есебіне 5 сағат 48 минут 46 секунд кірмей қалды. Ал, бұлар әрбір төрт жылдан соң тұтас бір тәулік жасап, жыл есебінен артық қалып отырды. Соның салдарынан жыл есебі шатасып та кетіп отырды. Табиғат құбылысы мен уақыт есебі дәл келіп отыру үшін жыл есебіне жиі өзгерістер кіргізіп отыруға тура келді.

Сондықтан бұдан екі мың жылдар шамасы бұрын Римнің мемлекет қайраткері Юлий Цезарь әрбір төртінші жылға бір күн қосып, яғни мұндай жылды 365 күн емес, 366 күн деп есептеуге бұйрық берді. Осы бір күн қосылған жыл латын тілінде «високос жылы» деп аталады. Қазір високос жылы деп сандары 4ке қалдықсыз бөлінетін жылдарды айтады (мысалы: 1944, 1948 ж.ж.).

Дегенмен бұл юлиан календары да табиғи жылмен дәл келмеді, екеуінің арасында 11 минут 14 секунд айырмашылық болды. Сондықтан 1582 жылы Рим папасы Григорий юлиан календарына өзгерістер енгізді. Бұл календарь григориан календары деп аталды.

1918 жылдан бастап Владимир Ильич Лениннің өзі қол қойған декрет бойынша Совет Одағында осы григориан календары қолданылып келеді. Бірақ біз әрбір айды 13 күн бұрын есептеп жүрміз.



КӨРІНБЕЙТІН НЫСАНА

Ойын басталмас бұрын ойынға қатынасұшылар ішіне құм немесе топырақ толтырылған кішкене қалталар дайындап алады. Оның сыртына ауысып кетпес үшін әрбір ойыншы өздерінің белгілерін қояды.

Бұдан кейін ойыншылар адам жүрмейтін ыңғайлы дуал таңдап алады. Дуалдың арасынан еш нәрсе көрінбеуі керек.

Дуалдың екінші жағына көлденеңі 2 метр шеңбер сызылады, дуалмен шеңбердің орталығының арасы 4—6 метр болуы керек.

Ойыншылар шеңбердің қай тұсқа сызылғанын келіп көргеннен кейін, дуалдың екінші жағына шеңберге қарама-қарсы тұсқа келіп орналасады.



Дуалдан 3 метр алыстықта сызық сызылады. Әр ойыншы осы сызықтан мәлшермен көздеп, дуалдың екінші жағындағы шеңберге түсіру үшін қалталарын кезектесіп лақтырысады.

Барлық ойыншы қалталарын лақтырып болғаннан кейін, дуалдың екінші жағына шығып, ойынның қортындысын шығарады. Қалталары шеңбердің сызығынан бір метр алыстықта түскенге — 2, одан да алыстап кеткен ойыншыларға — 1 деген бағалар қойылады. Үш рет ойнағаннан кейін ойынның ең ақырғы қортындысы шығады. Бағаны көп алған ойыншы жеңген болып табылады.

«Көрінбейтін нысана» ойының басқа түрде де ойнауға болады: Ойыншылар атыс басталатын сызыққа тұрғаннан кейін, ойын бастаушы дуалдың екінші жағына барып, атқыштарға белгісіз жерден, жоғарыдағы көрсетілген көлемде шеңбер сызады. Мұнан кейін ол ойыншыларға шеңбердің көлемін, дуалдан неше метр алыстықта екенін және қай тұста тұрғандығын айтады.

«Барлаушының» бұл хабары бойынша, ойыншылар көрінбейтін нысананы атуға кіріседі. Ойынның қортындысы жоғарыдағы көрсетілген тәртіппен шығарылады.

КАРЛЫ НЫСАНАНЫ АТУ

Биіктен ойға қарай ұзындығы 100—200 м. жол белгіленеді. Сол жолдың бойына алыстығы жолдан 3—5 м. үш түрлі нысана қойылады. Мысалы: 1—нысана қардан жасалған окоп, 2—қардан жасалған адам, 3—қардан жасалған қоян.

Ойынға қатынасұшылар 3 ағаш граната немесе қардан жасалған үш допты дайындап, мойындарына асқан сумкаларына салып қояды. Мұнан кейін ойыншылар шаңғымен төбенің басынан бірінен соң бірі белгіленген жолмен төмен қарай сырғанайды. Әр ойыншы шаңғымен келе жатып, қолындағы гранаттарын нысанаға лақтыруы керек. Нысанаға дәл тигізу үшін аздап бөгеліп барып та лақтыруға болады. Кімде-кім нысанаға үш гранатын бірдей тигізсе, сол ойыншы жеңген болып есептеледі.

Бұл ойынды жарыс түрінде де өткізуге болады. Онда бірнеше командаға бөліну керек. Бұл жағдайда бір

немесе екі нысана қойып ойнаған жөн. Әр ойыншы нысананы бір-ақ рет атпай, жалпы келісім бойынша 2—3 рет атуға болады.

Ойынның қортындысын басқарушы хабарлайды да, үздік шыққан ойыншыларға «мерген», озып шыққан командаға «мергендер командасы» деген атақтар береді.

Қайыркен.



Сен білесің бе?

... Россиядағы бірінші баспахананы Иван Грозный патшаның тұсында баспашы Иван Федоров ашты, баспахана өзінің жұмысын 1563 жылы апрельде бастады. Ол «Москва баспа сарайы» деп аталатын.

... Кремль мунарасындағы сағаттар күніне екі рет: күндізгі сағат 12 нін және кешкі сағат 6 ның шамасында бұралады.

... Кремльдегі ССРО үкметі үйі — бұрынғы Сенат үйі архитектор Казаковтың жобасы бойынша салынған. Құрылыс жұмысы 1784 жылы аяқталған.

... Металдардың ең жеңілі — литий. Оны алюминийден 5 еседей жеңіл деуге болады. Литий берік және өткізгіштігі күшті ертпелер шығару үшін қолданылады.

... Тұңғыш рет Тынық мұхит жағалауына жеткен адам казак Иван Москвин. Ол кішікірім отрядпен барған еді. Ол жорығын 1639 — 1642 жылдарда Якутскіден бастап қайық үстінде өткізді.

... Камчатканы тұңғыш ашқан және оны зерттеп жазған Владимир Атласов. Ол 1697 жылы бұғыға мініп Камчаткаға терістік жақтан барды.

... Куриль аралдарын 1711 жылы тұңғыш рет Иван Козыревский ашты. Ол өз бақылауы негізінде және тұрғын адамдардың әңгімелеріне сүйене отырып Куриль аралдарын суреттеп жазды.

... Алеут аралдарын Берингтың екінші саяхатында 1741 жылы В. Беринг және А. Чириков ашты.

... Аляска түбегіне ең бірінші рет 1761 жылы орыс купеці Вечеван барды.

ЖУЛДЫЗ СЫРЫ

(Баллада)

Қызарып барып күн батты
Жаздың бір әсем кешінде.
Жұлдызға жұлдыз тіл қатты
Бір жігіттің төсінде.

— Мен шыққанда зеңбірек
Атқан еді снаряд.

Тапкісімен жас жігіт
Жауға жүрді ойран сап.

— Мен шыққанда көк жайлау
Гүлге оранып тұр екен.

Астында оның Ақтанау
Жылқы бағын жүр екен.

— Батырлыққа белгі боп,
Мен шыққан ем майданда,
— Ерлік іске белгі боп,
Мен шықтым кең жайлауда.

Уқты жаны ақынның
Қос жұлдыздың сырларын.
Ерлігіне батырдың
Сүйсіндім де жырладым.

Ә. ТЕЗЕКБАЕВ.

„ЖЕТКІНШЕК“

Жақында Қазақтың мемлекеттік оқу-күралдар баспасы ақын Тайыр Жароковтың «Жеткіншек» атты өлеңдер жыйнағын басып шығарды. Жыйнақ он тоғыз ұсақ өлең мен екі поэмадан құралған.

Ақын бұл жыйнағында соғыстан кейінгі сталиндік төртінші бесжылдық жоспардың орындалу барысын, колхоз, совхоз, өндіріс орындарындағы жастардың еңбектегі ерлік істерін суреттейді, жас жеткіншектерді өнер-білімге, еңбекке шақырады, ұлы Отанымызды сүйеге баулайды.

Ақын жыйнағының бірінші бетін «Ана» деген өлеңімен ашады: Елге ана боп туған ел құшағында Ер жеттім жас қыранға ұсадым да, Баулыған мені де, елді тау қыраны, Туған ел,—сүйерім де, құшарым да.

Мұнда ақын «тау қыраны» деп совет халқының ұлы көсемі, әкеміз Сталинді айтады. Елімізді бақытты өмір, шаттық тұрмысқа жеткізген ұлы Сталинді, гүлденген ұлы Отанымызды дәріптейді.

«Жеткіншек» деген өлеңінде Тайыр, оқу жасына жаңа жеткен жеті жастағы баланың оқуға құмарлығын, оқымысты адам болуға асығатындығын суреттейді:

Нәр алған танның нұрынан
Жетіп оқу жасына,
Тұңғыш рет тұр ұлан,
Оқыймын деп асыға.

Ақын жас жеткіншектерді келешекте профессор, инженер, агроном, ақын т. б. мамандықтарды меңгеруге шақырады:

Мамандық көп үйренер,
Білім—теңіз шолсаңыз,
Профессор, инженер,
Ақын, жыршы болсаңыз.

Жыйнақтағы «Жас мерген», «Шаңғышылар», «Сұр құлын» өлеңдері жастарды мергендікке, жақсы шаңғышы болуға, еңбекті сүйеге тәрбиелейді.

«Сұр құлын» өлеңінде сегіз жасар Серік деген бала колхоздың кішкентай сұр құлынын қолына алып, өзі мәпелеп күтіп, оны дөненіне дейін өсіргені суреттеледі. Май айының тойында бәйгіге қосылған 30 аттың ішінен Серік өзінің сұр дөненімен

МЕКТЕП КІТАПХАНАСЫ



М. Марков

ЖЕТКІНШЕК

АЛМАТЫ - 1949

өзып келіп, бірінші бәйгі алады. Серік тұратын колхозға аудандық соғыс бөлімінің адамдары келіп, Серіктің өсірген сұр дөненіне қызығып, оны әскерге алады.

Тәлім алсын бала көрген
Жас Серіктен мүлтіксіз-ақ,
Ерге қанат—тұлпар берген.

Атты бақсаң, Серіктей бақ!
деп ақын балаларды Серіктей колхоз малын мәпелеп өсіруге шақырады.

Тайыр «Құрыш күйөшы» поэмасын Теміртау қаласындағы атақты стахановшы Алтынбек Дәрібаевқа арнаған.

Бұл поэмада жас Алтынбек соғыс күндерінде Свердлов қаласындағы Ревда заводына барып, құрыш қорытатын мектепте оқыйды. Ол мектепті бітіріп, Теміртауда құрыш күйөшы болып жұмыс істейді. Жұмыста асқан ерлік көрсеткені үшін ол Еңбек Қызыл туы орденімен наградталады. Поэманың сюжеті қысқа, қызықты, әрі балаларға түсінікті.

Тайырдың «Жеткіншек» атты өлеңдер жыйнағы жас жеткіншектерге коммунистік тәрбие беріп, оларды советтік патриотизм рухында тәрбиелеу жөнінде маңызы бар. Идеясы жоғары, тілі жатық, сөзі көркем, жақсы жыйнақ.

Р. НАРЕШЕВ.

ЖАҢА ЖЫЛ

Жаңа жыл—біздің өмір жайнаған жыл,
Еңбекпен өмір қызып қайнаған жыл.
Мектепте оқу-оқып, білім алған.
Жас балалар сайрандап ойнаған жыл.
Саятымыз жылдың басы едқа болған,

Хұрметпен оқушылар ортаға алған.
Он бес күн дем алысты бітірген соң
Оқуға жаңа күшпен ынталанған.
Мөржан НҮРПЕЙСОВА.
Көкшетау облысы, Еңбекшілер ауданы Сауле бастауыш мектебінің IV класс оқушысы.

Біздің Ленин	2
А. Горький — Ленин (үзінді).	3
Ә. Тәжібаев — Ленин біздің мыйымызда (өлең)	3
А. Кононов—Ескерткіш (өңгіме).	4
М. Иманжанов—Баламен әңгіме	5
Ә. Көшімов — Отарда (өлең).	8
Қ. Жармағамбетов — Кремль туралы баллада.	9
Ғ. Хателов — Үшеудің жорығы (пьеса).	10
Біздің журналымыз 10 жаста.	12
М. Зверев — Мичурин және мичуриншілер.	14
М. Маркович — Физика	16
Біздің почта	18
Пионер жаңалықтары.	20
Ә. Нұршаихов — Жаңа жыл уәдесі (өлең).	20
Менің пікірім бойынша.	20
Л. Колпашникова — Звено жұмысын қалай ұйымдастыру керек.	21
Білгім келеді.	22
Қайыркен—Қысқы ойындар.	23
Сен білесің бе?	23
Ә. Тезекбаев — Жұлдыз сыры (өлең)	23
Р. Нарешев — «Жеткіншек»	24
М. Нұрпейсова — Жаңа жыл (өлең).	24

Баранов таң ✓

Мұқабаның бірінші бетіндегі суретті салған К. Баранов.

Редколлегия мүшелері:
Т. Абдрахманов (жауапты редактор), Ә. Бектұров, Х. Доспанова, Қ. Жармағамбетов, М. Иманжанов, Ә. Сәрсенбаев, Ә. Сытдыков, А. М. Черкасский.
Тех редактор М. Н. Юровский.

Редакцияның адресі:
г. Алма-Ата, проспект Сталина, 73.
Редакция журналы «ПИОНЕР».

Подписано к печати 21/1 1949 г. УГ00538
Объем 3 п. л. Тираж 10.000.

Гостипография № 3 Управления Полиграфии и Издательства при Совете Министров КазССР г: Алма-Ата Зак.41


КІМ НЕНІ АЛДЫ?



КРОССВОРД

Көлденең оқығанда

3. Химиялық элемент 5. Қатқан те-
рі 6. Электрондар қозғалысы 8. Құс
9. Өткізгіштің кедергісінің өлшемі
11. Үй хаюанаттары 12. Қазақ халқы-
ның композиторы 13. Баспана 15.
Жылқы 16. Музыкалық аспаптардың
бөлігі 17. Жақын жолдас 19. Хабар-
шы қағаз 20. Қазақ совет әдебиеті-
нің көрнекті қайраткері.



Тік оқығанда

1. Тіршіліктің бұлағы 2. Апаттың
бір түрі 3. Сезім мүшесінің бірі 4. Қі-
тап 5. Теріс электрод 7. Тік бұрыш-
ты үш бұрыштың қабырғасы 9. Ерте-
де киімге тігетін әшекей 10. Шахмат
ойынындағы термин 14. Балық 16.
Геометриялық пішін 18. Сын есім 19.
Жауын-шашынның бір түрі

Құрастырған Мұқтар Мұхаев,
Алматы облысы, Нарынқол орта
мектебінің оқушысы.

ЖАУАПТАР

1. «Шарадалар»

«Пионер» журналының 1948 жыл-
ғы 11 санында басылған шарадалар-
дың шешулері:

1. Алтын, 2. Ямал, 3. Асқар, 4. Өс-
кемен.

2. Абай өлеңдері

1. «Жасымда ғылым бар деп ескер-
медім»,
2. «Қан сонарда бүркітші шығады
анға»,
3. «Ғылым таппай мақтанба»,
4. «Өлең—сөздің патшасы, сөз сара-
сы»,

5. «Әсемпаз болма әрнеге».

Дұрыс жауабын бірінші жіберген-
дер: Түзелбай Ыбышев, Болат Қады-
кенов (Жамбыл облысы, Красногор
қазақ орта мектебі), Қлара Шакирова
(Кеген ауданы, Молотов мектебі).

Бұл қызық тапқырлық ойынды
жасап көрсету үшін, жапқалтаға
сыярлық кіші-кірім үш нәрсені
әзірлеу керек. Мысалы: қарындаш,
кілт, бәкі. Бұған қоса, тарелкаға
салып 24 жаңғақ, ол болмаса дой-
бы, домино тасы немесе сіреңкені
стол үстіне қой.

Өзің үш жолдасыңа: Мен бөлме-
ден шығып кеткенде, әрқайсысын
тілеген затыңның (жаңғақ, дойбы
тасы т. б.) бірін жасыр де. Сен кім
не нәрсені жасырғанын табуға тиіс-
тісің.

Табудың жолы мынадай: жолдас-
тарың тілеген нәрселерің жасырып
болған соң, бөлмеге қайта кіріп, жол-
дастарыңның қолына әзірше сақтай
тұруға жаңғақ үлестіресің. Біреуіне
бір жаңғақ, екіншісіне-екі жаңғақ,
үшіншісіне үш жаңғақ бер. Енді жол-
дастарыңа мынадай ережені түсін-
діріп, өзің тағы да бөлмеден шыға-
сың. Қарындашты жасырған адам
қолына неше жаңғақ берілсе, сон-
ша; кілтті жасырған адам өзіне бе-
рілген жаңғақ санынан екі есе ар-
тық, ал бәкіні жасырған адам өзіне
берілген жаңғақ санынан төрт есе
көп жаңғақты тарелкадан алып жа-
сыруға тиіс.

Жаңғақтың қалғандары тарелка-
да болады. Осының бәрі істелген
соң, сен белгі бойынша бөлмеге
кіресің де, тарелкаға көз саласың,
осының соңынан кімнің қалтасында
не зат барын айтасың.

Ойынның қызықтылығы мен қы-
йындылығы саған көмек көрсете-
тін, басқаларға сездірмей белгі бе-
ретін адамның жоқтығында. Бұл
ойында ешбір алдау жоқ, ол толы-
ғынан арифметикалық есептерге не-
гізделген. Сен кімнің нені алғанды-
ғын тарелкада қалған жаңғақ саны-
на қарап айырасың. Тарелкада көп
емес, 1 — 7 жаңғақ қалады, сон-
дықтан оны көзбен тез санап шығу
оңай.

Сонда да, қалайша, қалған жаң-
ғақ санына қарап кімнің не алға-
нын табуға болады?

Бұл оңай. Өйткені кімнің нені
алғанына қарай тарелкада қалатын

жаңғақ саны да өзгеріп отырады.
Біз мұны кәзір түсінеміз.

Айталық, сенің жолдастарыңның
аты Алтай, Қайрат, Бақыт екен де-
йік, олардың тек бас әріптерін жа-
залық А, Қ, Б; заттарды да әріп-
термен белгілейік: қарындаш-а,
кілт — в, бәкі — с.

Үш зат үш адамға неше түрде бө-
лінуі мүмкін. Ол 6 түрлі:

А	Қ	Б
а	в	с
а	с	в
в	а	с
в	с	а
с	а	в
с	в	а

Бұдан басқа түрлерде бөлінуі
мүмкін емес.

Ендеше осы алты жағдайдың әр-
түрі қалдықтың қандай санына дәл
келер екен.

А Қ Б	Алынған жаңғақ саны	Қал- дық
а в с	23	1
а с в	21	3
в а с	22	2
в с а	19	5
с а в	18	6
с в а	17	7

Қалдықтың әртүрлі екендігін кө-
ріп отырсың. Сондықтан бұл сан-
дарды білсең, қай жолдасың нені
алғандығын табу оңай. Сен тағы
да жоғарыдағы екінші табилицаға
қарайсың. Сөйтіп кімнің қалтасында
ненің барын білесің. Айталық тарел-
када 5 жаңғақ қалса, (в, с, а тәрті-
бімен) Кілт — Алтайда.

бәкі — Қайратта

қарындаш — Бақытта болғаны.

Ойынның дұрыс болуы үшін, о бас-
та кімге неше жаңғақ бергенді
ұмытпай есте сақта.

ағасы 2 сом.

1949 ЖЫЛЫ...



Алтының асып ерінен,
 Жетіге жасым жеткенде,
 Қолыма алып „Әліппе“,
 Барамын быйыл мектепке.



Қол бос кезде сабақтан
 Күтемін колхоз төлдерін.
 Көресің оның сыйыр боп,
 Шелектеп сүт бергенін.



Мичуринші звено
 Біз де быйыл боламыз.
 Өзіміз күткен егіннен
 Өнімді мол аламыз.



Күнде ертемен денемді
 Шынықтырам, жаттығам.
 Атанып жас чемпион,
 Отряд даңқын арттырам.



Быйыл бестік болар дос
 Барша оқушы баламен.

Елге етеміз қолқабыс
 Жумсап бойда күш-жігер.